



ЕГІС КҮНІ

«ҰЛЫ ДАЛА АСТЫҒЫ - 2025»

2025 жылғы 4 тамызда Мамлют ауданының Меңгесер ауылында «Мамбетов және К» өндірістік базасында «Ұлы дала астығы - 2025» атты егіс күні өтті.

Іс-шара Солтүстік Қазақстан облысындағы күзгі жиын-терім науқанына дайындыққа арналды.

Іс-шара жұмысына Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министрі Амангали Бердалиев, аудан әкімдері, ғылыми қауымдастықтардың өкілдері, аграрлық кеңес мүшелері, ауыл шаруашылығы құрылымдарының басшылары, мемлекеттік органдар мен Ресей Федерациясынан келген серіктестер қатысты.

Биыл өңірдің аграршылары 4,3 млн гектар егіс алқабын жинап алуы тиіс. Оның 3 млн гектарын дәнді дақылдар, ал шамамен 1 млн гектарын майлы дақылдар құрайды. Жақсы өнім күтілуде. Бұл — егіншілік алқаптарын өртараптандыру, өлеуметтік маңызы бар дақылдардың көлемін арттыру, 340 мың тонна минералды тыңайтқыш енгізу, тұқым мен ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту сияқты ауқымды дайындық жұмыстарының нәтижесі. Өңірдегі элеваторлар жаңа өнімді қабылдауға толық дайын.

Егіс күні аясында қатысушылар заманауи ауыл шаруашылығы техникасымен, өртүрлі сұрыптар егілген тәжірибелік алқаптармен, селекциялық жетістіктермен, сондай-ақ тұқым, тыңайтқыш және өсімдіктерді қорғау құралдарын ұсынушы компаниялардың өнімдерімен танысты. Ерекше көңіл егіншілік тиімділігін арттырып, өнім жоғалуын азайтатын практикалық шешімдерге бөлінді.

«Ұлы дала астығы - 2025» іс-шарасының өткізілуі Солтүстік Қазақстан облысының елдегі аграрлық саладағы жетекші рөлін айқындайды, тәжірибе алмасуға, инновацияларды ілгерілетуге ықпал етеді, ресейлік ауыл шаруашылығы өндірушілерімен ынтымақтастықты нығайтып, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер туғызды, - деп жазды өңір басшысы өлеуметтік желіде.

АҚОРДА



ПРЕЗИДЕНТ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІН ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Гауез Нұрмұхамбетовты қабылдады, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа аймақтың биылғы бірінші жартыжылдықтағы өлеуметтік-экономикалық дамуы жөнінде есеп берілді.

Мемлекет басшысына майлы және жем-шөп дақылдарының егістік көлемі ұлғайғаны туралы баяндалды. Әкімнің айтуынша, тұқым жаңарту деңгейі 11,2 пайызға жеткен, су үнемдеу технологиялары белсенді енгізіліп жатыр. «Кең Дала 2» бағдарламасы аясында шаруаларға 97 миллиард теңге бөлінген. Биыл мемлекеттік қолдау ауқымы былтырғымен салыстырғанда 24 пайызға артқан.

Президентке Солтүстік Қазақстан облысы елімізде сүт өндірісі бойынша

алғашқы үштікке кіретіні, соның ішінде сүт өндіру кешендерінің саны жағынан көш бастап тұрғаны айтылды.

Гауез Нұрмұхамбетов облыста жалпы сомасы 893 миллиард теңгені құрайтын 52 инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатқанын жеткізді. Нәтижесінде 7,5 мың жаңа жұмыс орны ашылмақ.

Биыл 332 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланған. Қазіргі таңда 5 көпқабатты үй тапсырылды. Жыл соңына дейін тағы да 11 нысанның құрылысы аяқталады. Өлеуметтік осал топқа жататын азаматтар үшін биыл 258 пәтер сатып алынады.

«Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында Петропавл қаласында 600 орындық жаңа заманауи мектеп салынды. Сонымен қатар 280 орындық балабақшаның құрылысы жүргізілуде. Денсаулық сақтау саласында ауылдық жердегі 46 медициналық нысан жаңғыртылды. Өңірге медицина мамандарын тарту мақсатында жүйелі жұмыс атқарылып жатыр.

Президент жиын-терім науқанына дайындықтың, агроөнеркәсіп саласындағы инвестициялық жобаларды уақтылы жүзеге асырудың маңызына назар аударды. Сондай-ақ Петропавлдағы 2-ЖЭС-ті жөндеу және жылумен, энергиямен қамтамасыз ету желілерін реконструкциялау жұмыстарын жылдам аяқтау қажет екенін ескертті.

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

«ЖАСТАР» ОБЛЫСТЫҚ СПАРТАКИАДАСЫНА ШАҚЫРАМЫЗ!



ЖАСТАР АРАСЫНДА «ЖАСТАР - 2025» ОБЛЫСТЫҚ СПАРТАКИАДАСЫ 7-9 ТАМЫЗ АРАЛЫҒЫНДА БУЛАЕВ ҚАЛАСЫНДА «ЖАСТАР» СТАДИОНЫНДА ӨТЕДІ.

ЖАРЫС БАҒДАРЛАМАСЫНДА: ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА, ЖАҒАЖАЙ ВОЛЕЙБОЛЫ, ШАҒЫН ФУТБОЛ, ӘЙЕЛДЕР ЖӘНЕ ГРЕК-РИМ КҮРЕСІ.

СПАРТАКИАДАНЫҢ САЛТАНАТЫ АШЫЛУЫ 8 ТАМЫЗ КҮНІ САҒАТ 20.00-ДЕ «ЖАСТАР» СТАДИОНЫНДА ӨТЕДІ.

СІЗДЕРДІ ЖАРҚЫН, ҰМЫТЫЛМАС СПОРТ ШОУЫ, ҚАТЫСУШЫЛАР ШЕРУІ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҰЖЫМДАРДЫҢ ӨНЕР КӨРСЕТУІ, БІРЛІК АТМОСФЕРАСЫ, КОМАНДАЛЫҚ РУХ ЖӘНЕ НАҒЫЗ МЕРЕКЕ КҮТЕДІ.

АШЫЛУ САЛТАНАТЫ АЯСЫНДА АТТРАКЦИОНДАР ПАРКИ МЕН МЕРЕКЕЛІК САУДА ҰЙЫМДАСТЫҒЫЛАДЫ.

Іс-шараның арнайы қонағы Әділ Жалмағамбетов, «Q PRODUCTION» жастар тобы, «DRAGON» тамаша жарық шоуы, DJ SCORPUSHA өнер көрсетеді.

Ашылу салтанаты мерекелік оташумен аяқталады.

АЛ СПОРТ МЕРЕКЕСІНІҢ ЖАБЫЛУ САЛТАНАТЫ 9 ТАМЫЗ КҮНІ САҒАТ 14.30-ДА «ДОСТЫҚ» САЯБАҒЫНДА ӨТЕДІ.

ЖАСТАР АРАСЫНДА ӨТЕТІН СПАРТАКИАДАНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

7 ТАМЫЗ

Сағат 14.00-19.30 - мандаттық комиссия (кесте бойынша Булаев қаласының АМУ).

Сағат 20.00 - төрешілер алқасының отырысы (Булаев қаласының АМУ).

ЖАҒАЖАЙ ВОЛЕЙБОЛЫ

Сағат 15.00-18.20 - ұлдар мен қыздар арасында жағажай волейболы («Жастар» стадионы).

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

Сағат 09.00 - 100 метрге жүгіру (қыз.)
Сағат 09.20 - 100 метрге жүгіру (ұл.)
Сағат 09.45 - 400 метрге жүгіру финал (қыз.)
Сағат 10.15 - 400 метрге жүгіру финал (ұл.)
Сағат 10.45 - ядро лақтыру финал (қыз.)
Сағат 11.25 - ядро лақтыру финал (ұл.)
Сағат 15.00 - 800 метрге жүгіру финал (қыз.)
Сағат 15.30 - 800 метрге жүгіру финал (ұл.)
Сағат 16.00 - орнынан ұзындыққа секіру финал (қыз.)
Сағат 16.40 - орнынан ұзындыққа секіру финал (ұл.)

8 ТАМЫЗ

ШАҒЫН ФУТБОЛ

Сағат 09.00-13.00 - топтық кезек
Сағат 17.00-18.00 - іріктеу ойындары
ӘЙЕЛДЕР ЖӘНЕ ГРЕК-РИМ КҮРЕСІ
Сағат 10.30-13.00 - іріктеу және 1/4 кездесулер (барлық салмақ дәрежелерінде)
Сағат 14.00-18.00 - 1/4, 1/2 жұпаныш кездесулер (барлық салмақ дәрежелерінде)
ЖАҒАЖАЙ ВОЛЕЙБОЛЫ
Сағат 09.00-17.40 - ұлдар мен қыздар арасында жартылай финалдық ойындар.

9 ТАМЫЗ

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

Сағат 09.00 - 200 метрге жүгіру (қыз.)
Сағат 09.30 - 200 метрге жүгіру (ұл.)
Сағат 10.00 - 1500 метрге жүгіру финал (ұл.)
Сағат 10.30 - 4*100 метрге MIX эстафета финал

ӘЙЕЛДЕР ЖӘНЕ ГРЕК-РИМ КҮРЕСІ

Сағат 10.00-11.00 - 3-5 орындар үшін кездесулер (барлық салмақ дәрежелерінде)
Сағат 11.00-12.00 - финалдық кездесулер

ШАҒЫН ФУТБОЛ

Сағат 09.00 - 10.00 - финалдық ойындар (1 және 2 алаңдар)

ЖАҒАЖАЙ ВОЛЕЙБОЛЫ

Сағат 09.00 - 11.00 - ұлдар мен қыздар арасында финалдық ойындар

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ ЧИСТОВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫН 2025 ЖЫЛҒЫ 14 ҚЫРКҮЙЕККЕ ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-1-бабының 1 тармақтың 1) тармақшасына сәйкес Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мағжан Жұмабаев ауданында 2025 жылғы 14 қыркүйекке Чистов ауылдық округі әкімінің сайлауы тағайындалсын.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2025 жылғы 14 қыркүйекке тағайындалған Мағжан Жұмабаев

ауданының Чистов ауылдық округі әкімінің сайлауын дайындау және өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілсін.

3. Осы қаулы Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясының интернет-ресурстарында және аудандық «Вести», «Мағжан жұлдызы» газеттерінде жариялансын.

Д. ШАЙКЕНОВ
аудандық сайлау комиссиясы
төрағасының орынбасары.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ БОЙЫНША ҚҰРЫЛҒАН САЙЛАУ ОКРУГТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЕКАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 22-бабына сәйкес Мағжан Жұмабаев ауданының сайлау комиссиясы 2025 жылғы 14 қыркүйекке

тағайындалған Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Чистов ауылдық округі әкімінің сайлауы бойынша құрылған сайлау округі және оның шекаралары туралы хабарлайды.

№ р/н	Округтің атауы	Сайлау округі	Сайлау округінің шекаралары
1.	Чистов ауылдық округі	Чистов сайлау округі	Пролетарка ауылы, Тищенко ауылы, Украинка ауылы, Урожайное ауылы, Чистовское ауылы

Д. ШАЙКЕНОВ
аудандық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 13-бабы 4-тармағына сәйкес Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы аудандық сайлау комиссиясының құрамы және орналасқан жері туралы хабарлайды:

№ р/н	Аудандық сайлау комиссиясының орналасқан жері	Телефондары, факстары	Аудандық сайлау комиссиясының құрамы
1	150800, Булаев қаласы, Пушкин көшесі, 14, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының экономика және қаржы бөлімі» КММ коммуналдық меншігіндегі әкімшілік ғимараты	Коды: 8-715-31; тел./факс: 2-12-33,	Төрағасы - Портнягин Юрий Анатольевич; Төраға орынбасары - Шайкенов Данияр Балғабайұлы; Хатшысы - Низамова Анастасия Ивановна; Комиссия мүшелері - Ахметова Ұлмекен Шаймурқанқызы, Бекішева Сандуғаш Оразалықызы, Махметова Кристина Владимировна, Ыбыраева Әлия Жақсылықызы

Д. ШАЙКЕНОВ
аудандық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

2025 жылғы 6 тамызда аудандық сайлау комиссиясының отырысы өтті, онда келесі мәселелер қаралды:

1. 2025 жылғы 14 қыркүйекке Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Чистов ауылдық округі әкімінің сайлауын тағайындау туралы;

2. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Чистов ауылдық округі әкімінің сайлауына дайындық және өткізу бойынша күнтізбелік негізгі іс-шаралар жоспары туралы (Жарияланған мекенжай: <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-mzh/documents/details/880501?lang=kk>)

Басқа да сұрақтар қаралды.

Күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша тиісті қаулылар қабылданды.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтық аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімі болып сайлану үшін Сайлау туралы Конституциялық заңда, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-2-бабында және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада көзделген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

Сайлау туралы Конституциялық заңға сәйкес аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкіміне кандидат бола алмайды:

– заңда белгіленген тәртіппен алынбаған немесе алынбаған сотталғысы бар адам;
– сыбайлас жемқорлық қылмыс немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауда кінәсі заңда белгіленген тәртіппен сотпен танылған адам.

«Қазақстан Республикасындағы

мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР заңына сәйкес аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімі Қазақстан Республикасының жиырма бес жасқа толған азаматтары арасынан жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің халқымен төрт жылдық мерзімге қызметке сайланады.

Сондай-ақ әкімдікке кандидатқа мемлекеттік қызмет туралы заңнамада белгіленген талаптар:

– азаматтық мемлекеттік қызметке қабылдауға болмайтын талап;
– үміткердің осы лауазымға (Е-Р-1 санат) қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы талап.

Әкімдерге кандидаттар келесі тәсілдермен ұсынылуы мүмкін:

– өз мүшелерінің арасынан белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиялар. Бұл ретте саяси партия бір сайлау округі бойынша бір ғана кандидатты ұсынуға құқылы;

– өзін-өзі ұсыну жолымен тиісті сайлау округі бойынша дауыс беру құқығы бар сайлаушылардың жалпы санының кемінде 1 % қолдауымен.

Егер ұсыну мерзімі аяқталған күні аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдеріне екіден аз кандидат ұсынылса, онда округтік сайлау комиссиясы кандидаттар ұсыну мерзімін үш күннен кем емес мерзімге ұзартады.

Бұл ретте аудан әкімі ұсынылған кандидаттар болмаған немесе ұсыну мерзімі аяқталған күні бір кандидатты ұсынған жағдайда, тиісінше екі немесе бір кандидатты ұсынуға құқылы.

Бір үміткер бір ғана сайлау округіне кандидат ретінде ұсынылады.

Аудандық сайлау комиссиясы.

УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ, ОЛАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ, СОНДАЙ-АҚ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

№ р/н	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау учаскесінің орналасқан жері	Сайлау учаскесінің сипаттамасы	Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы (алфавиттік тәртіпте)
Мағжан Жұмабаев ауданы				
1.	№ 255	Пролетарка а., 2 к., 1, мектеп ғимараты	Пролетарка а.	Төраға – Жақыпов Сәбит Оралұлы; төраға орынбасары – Абылғазина Жадыра Ағыбайқызы; комиссия хатшысы – Лукашенко Оксана Владимировна; комиссия мүшелері – Гричко Радион Николаевич, Лило Светлана Васильевна.
2.	№ 256	Чистовское а., Школьная к., 1, мектеп ғимараты	Чистовское а., Урожайное а.	Төраға – Ағалов Евгений Александрович; төраға орынбасары – Самарцева Елена Валерьевна; комиссия хатшысы – Бахмат Светлана Анатольевна; комиссия мүшелері – Жақсымбетова Сәуле Төлеуқызы, Қазиева Сәуле Қайбақызы.
3.	№ 257	Тищенко а., 2 к., 1, бос уақытты ұйымдастыру орталығының ғимараты	Тищенко а., Украинка а.	Төраға – Тасимова Әсия Мұбаракқызы; төраға орынбасары – Жұмабаева Гүлнәр Бекенқызы; комиссия хатшысы – Серебряня Ирина Владимировна; комиссия мүшелері – Гардер Татьяна Ивановна, Романова Анжелика Викторовна.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Мағжан Жұмабаев ауданының «Мағжан жұлдызы» және «Вести» газеттерінің (бұдан әрі - Газеттер) меншік иесі «Газета «Вести» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, 2025 жылдың 14 қыркүйегіне тағайындалған Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Чистов ауылдық округінің әкіміне кандидаттарды сайлау алдындағы үгіт материалдарды орналастыру үшін баспа алаңдарын ұсыну шарттары туралы хабардар етеді.

ГАЗЕТТЕРДІҢ БАСПА АЛАҢДАРЫН ҰСЫНУДЫҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ МЕН ТӨРТІБІ

Газеттердің баспа алаңын ұсынуы Қазақстан Республикасы Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Чистов ауылдық округінің әкіміне тіркелген кандидаттарға баспа үгіт материалдарын орналастыруға баспа алаңын ұсыну туралы Серіктестікпен (газеттердің меншік иесімен) жасалған

жазбаша шарт негізінде жүзеге асырылады.

Шарттың нысаны және оған ілесіп құжаттар жазбаша өтініш берген кезде ұсынылады. Кандидаттың (сенім білдірілген адамның) газеттермен баспа алаңдарын ұсыну туралы шартқа қол қойып кандидаттың (сенім білдірілген адамның) газеттерден сайлау алдындағы үгітті жүргізуге байланысты қызметтерді қабылдауға келісімі болып табылады. Мұндай шартты жасасу үшін кандидат Газет иесіне мынадай ақпаратты көрсете отырып жазбаша өтініш береді:

- жазбаша өтініштің тіркеу нөмірі, күні және уақыты;
- жазбаша өтініш берген кандидаттың Т.А.Ә., сенім білдірілген тұлғаның Т.А.Ә.;
- адамның жазбаша өтініш беруге

өкілеттігін растайтын құжат;

- кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) жеке куәлігі, уәкілетті мемлекеттік орган берген кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) куәлігі, ҚР заңнамасына сәйкес өзге де құжат;

- баспа алаңының жоспарланған көлемін және оны ұсыну уақытын, үгіттік баспа материалдарының түрін көрсете отырып, жазбаша өтініштің мазмұны;

- кандидаттың не сенім білдірілген адамның қолы.

Жазбаша өтініштерді Газеттер 2025 жылғы 25 тамыздан 10 қыркүйекке дейін қабылдайды.

Жарияланымдарда олардың төлемі, материалдарды шығаруға жауапты тұлғалар, қаржыландыру көздері, ақпарат берген тұлғаның тегі туралы мәліметтер болуға тиіс.

БАСПА АЛАҢДАРЫН ТӨЛЕУ МӨЛШЕРІ МЕН ТӨРТІБІ

Газеттердің баспа алаңын ұсынғаны үшін төлем мөлшері Қазақстан Республикасының Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Чистов ауылдық округінің әкіміне кандидаттарға баспа алаңын ұсынуға арналған прайс-параққа сәйкес айқындалады және 1 (бір) шаршы метр үшін 180.00 (жүз сексен) теңгені құрайды.

Баспа алаңдарын ұсынғаны үшін төлем сомасы тиісті сайлау қорымен алдын ала жүз пайыз төлем тәртібімен аударылуға тиіс. Алдын ала төлем Серіктестік қойған шот негізінде осындай шот берілген күннен бастап 3 (үш) операциялық күн ішінде жүзеге асырылады. Төлем серіктестіктің тиісті шартта көрсетілген банктік деректемелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Неля ГОНЧАР,
«Газета «Вести» ЖШС директоры.

ОНКОСКРИНИНГ, ВАКЦИНАЦИЯ: МӘМС ЖҰМЫССЫЗДАРДЫ ҚАЛАЙ САҚТАНДЫРАДЫ?

2026 жылдан бастап МӘМС жүйесіне жаңа тәртіп енгізіледі

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысты заңнамаға енгізілген өзгерістер 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап өз күшіне енеді. Бұл бастаманың маңызын Мемлекет басшысының өзі айрықша атап, Заңға қол қойды.

Жаңашылдықтың басты өзгеі – ендігі жерде көпіндейірі тегін медициналық көмек пен сақтандыру пакетінің арасындағы шекара жойылады. Яғни, сақтандыру мәртебесіне қарамастан, халыққа аса қажетті бірқатар қызмет түрлері бөріне бірдей қолжетімді болмақ. Олардың қатарында вакцинация, онкологиялық ауруларға скрининг, жұқпалы және әлеуметтік маңызы бар дерттерді емдеу, жедел жәрдем мен паллиативтік көмек, сондай-ақ мейіргерлік күтім де бар.

Бұл – әр азаматтың денсаулығына мемлекет жауапты екенін тағы бір мәрте айғақтаған маңызды қадам. Енді уақытты тексеріліп, қажет ем-домын алу үшін сақтандыру мәртебесін тексеріп әуре болудың қажеті жоқ. Ең бастысы – әр қазақстандықтың өмірі мен денсаулығы заңмен қорғалған.

Биыл өңірлер МӘМС үшін қанша қаржы жұмсайды?

2025 жылы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында көрсетілетін қызметтер үшін жергілікті бюджеттерден қарастырылатын жалпы шығын сомасы нақтыланды. Бұл көрсеткіш есіресе әлеуметтік тұрғыдан осал санаттарға жататын азаматтарға медициналық көмектің қолжетімді болуын қамтамасыз етуге бағытталып отыр.

2025 жылғы 14 шілдеде қабылданған №206-VIII Қазақстан Республикасы Заңы негізінде МӘМС жүйесі мен медициналық қызмет көрсетуіне қатысты бірқатар заңнамалық өзгерістер күшіне енді. Аталған түзетулерге сәйкес, 2026 жылы әлеуметтік әл-ауқат деңгейі дағдарыстық (D) және шұғыл (E) топтарға жататын, бірақ медициналық көмекті белсенді түрде пайдаланатын азаматтар үшін жергілікті атқарушы органдар төлейтін сақтандыру жарналарының жалпы көлемі еліміз бойынша 32 590 230 мың теңгемін құрайды, – деп түсіндірді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының ресми өкілі Забира Оразалиева.

Жаңа талаптарға сәйкес, 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап МӘМС жарналарының мөлшері есептеу объектісінен 2 пайыз көлемінде белгіленеді. Бұл өзгерістер мемлекеттік қолдаудың аясын кеңейтіп, әлеуметтік әділеттілікті нығайта түсуді

Келесі жылдан бастап жұмыссыздар үшін МӘМС жүйесінің жарнасы жергілікті бюджет есебінен төленеді. Жұырда Президент тиісті заңға қол қойды. Заң қалай жүзеге асады? Қанша адам қамтылады? Бұл мақсатқа қазынадан қанша қаражат жұмсалады?

көздейді.

2026 жылдан бастап МӘМС жарналары өңірлік орташа жалақы негізінде есептеледі.

Жергілікті атқарушы органдар төлейтін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жарналарының мөлшері енді өңірлік ерекшелікке сай есептеледі. Заңға енгізілген жаңа тәртіпке сәйкес, есептеу нысаны ретінде әр өңірдегі ағымдағы қаржы жылына дейінгі екі жыл бұрынғы орташа айлық жалақы алынатын болады. Бұл мөлшертерді тиісті уәкілетті мемлекеттік статистика органы бекітеді.

Осыған сәйкес, 2026 жылы әлеуметтік осал топтарға жататын, атап айтқанда, дағдарыстық (D) және шұғыл (E) деңгейдегі азаматтар үшін жергілікті бюджеттен төленетін МӘМС жарналары өңірлер бөлінісінде есептеліп отырады. Бұл азаматтар – медициналық көмекті белсенді түрде қажет ететін халықтың әлсіз бөлігі.

Жарна мөлшері 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап есептеу нысанынан 2 пайыз көлемінде белгіленеді. Яғни әр өңірдегі орташа табыс деңгейі бұл төлемнің нақты көлеміне тікелей әсер етеді.

Аймақтар бойынша төленетін жарна сомаларының толық тізімі жүзін күндері жария етіледі. Бұл ақпарат өңір әкімдері мен әлеуметтік қорғау басқармалары үшін де, халықтың әл-ауқатын бағалауда да маңызды көрсеткіш болады.

Қанша адам қамтылады?

МӘМС жүйесі әлеуметтік осал 369 мыңнан астам адамды қамтиды.

2025 жылғы 14 шілдеде қабылданған №206-VIII Қазақстан Республикасы Заңы аясында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіне бірқатар маңызды толықтырулар енгізілді. Енді бұл жүйе әлеуметтік әл-ауқаты дағдарыстық (D) және шұғыл (E) деңгейде бағаланған азаматтардың барлығын қамтитын болады.

Жаңа тәртіп бойынша, 2026 жылы жергілікті атқарушы органдар медициналық қызметті белсенді түтылатын осал санаттағы азаматтар үшін жарналардың нақты сандық деректер негізінде төлейтін болады.

Болжам бойынша, бұл қолдау шарасы 369 420 адамды қамтиды. Олар – өмірдің қиын жағдайында қалған, алайда медициналық көмекке аса мұқтаж жандар.

Бұл – мемлекет тарапынан көрсетілетін әлеуметтік әділеттіліктің айқын көрінісі.

Ендігі жерде олардың денсаулығы сақтандыру мәртебесіне тәуелді болмай, тұрақты бақылауда болмақ.

Жарна төлеуге арналған қаражат қайдан бағытталады?

Әлеуметтік осал топтарға жататын азаматтар үшін МӘМС жүйесіне аударылатын жарналар арнайы көзделген қаржы көздерінен жүзеге асырылады. Атап айтқанда, бұл мақсаттағы шығыстар республикалық бюджеттен өңірлерге жалпы сипаттағы трансфертер арқылы бағытталады.

Яғни қаржы өңірлік деңгейде бөлініп, жергілікті атқарушы органдар арқылы игеріледі. Бұл ретте, қаржыландыру «Әлеуметтік медициналық сақтандыру» жүйесіне емес, тікелей мемлекет пен денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің құзырында болады, – деп атап өтті Әлеуметтік медициналық сақтау орнының қорынан.

Қаржының бөліну тәртібі мен нақты бағдарлама коды – мемлекеттік жоспарлау құжаттары мен бюджеттік заңнамаларға сәйкес жүзеге асырылады. Бұл шара – медициналық көмектің қолжетімділігін арттырып, азаматтардың денсаулығын жүйелі қорғауға бағытталған маңызды қадам.

МӘМС жарнасы нақты жұмыссыздарға ғана төленеді

Мемлекет тарапынан МӘМС жүйесіне жарна төлеу рәсімі нақты критерийлермен реттеледі. Яғни, жергілікті бюджет есебінен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар тек әлеуметтік әл-ауқаты дағдарыстық (D) немесе шұғыл (E) деңгейде деп танылған азаматтарға төленеді.

Алайда бұл қолдау барлық жұмыссызға бірдей емес. Заң талаптарына сәйкес, соңғы үш ай ішінде міндетті зейнетақы жарналарын төлемеген, яғни ресми түрде жұмыс істемейтін және табыс таппаған тұлғалар қана осы санатқа енгізіледі.

Бұл – формалды түрде өзін жұмыссыз деп көрсетіп, бірақ нақты табысы бар азаматтарды анықтап, шынайы көмекке мұқтаж жандарды ғана қамту мақсатында жасалған қадам. Аталған шарт ҚР кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру және медициналық қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2025 жылғы 14 шілдедегі №206-VIII Заңның 26-

1-бабының 1-тармағы, 2) тармақшасында нақты жазылған.

Осылайша, мемлекет тек расында жұмыссыз әрі әлеуметтік осал азаматтардың денсаулығын қамқорлыққа алуы көздейді. МӘМС: Жаңа тәртіп – біріккен қамқорлық 2024 жылғы 7 шілдеде өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігін арттыруды тапсырды. Президент атап өткендей, «қоғамның осал топтарына» жататын азаматтар үшін медициналық сақтандыруға жарналар жергілікті бюджет есебінен төленуі тиіс.

Бүгінде ел халқының 83 пайызы ғана медициналық сақтандыру жүйесінің қатысушысы саналады. Ал 3,3 миллионға жуық азамат МӘМС шеңберінен тыс қалып отыр. Бұл – олардың толыққанды медициналық көмек алу мүмкіндігі шектеулі деген сөз.

Осы оқилықты жою мақсатында жаңа механизмдер енгізілуде. Ендігі жерде дағдарыстық (D) және шұғыл (E) деңгейдегі әлеуметтік осал азаматтар медициналық көмекке жүгінген жағдайда, олар үшін МӘМС жарналарын жергілікті атқарушы органдар төлейтін болады. Бұл жарналар әр өңірдегі орташа айлық жалақы мөлшеріне қарай есептеледі.

Мұндай қолдау шарасы қандай нәтижелер береді?

Ең алдымен, 900 мыңға жуық осал азамат медициналық сақтандыру жүйесіне тартылуы мүмкін. Халыққа дәрігерлік кеңес, диагностика, күрделі операциялар, қиымат емдеу мен медициналық оңалту сынды қызметтерге жол ашылады.

Жұмыссыз, табысы жоқ адамдарға ғана төлем жүргізіледі – соңғы үш айда зейнетақы жарнасы төленбегені тексеріледі. Сонымен қатар ресми тіркелген жұмыссыздар үшін де жарналар төленетін болады. Бұл өңір әкімдерінің халықты жұмыспен қамту мәселесіне неғұрлым жауапкершілікпен қарауға итермелейді, – дейді қордың ресми өкілі.

Бұдан бөлек, азаматтар үшін маңызды бір жаңалық – МӘМС жүйесінде қатарынан бес жыл жарна төлеген тұлғалар жарна төлеуді уақытша тоқтатасты да, алты ай бойы сақтандырылған мәртебесін сақтай алады (бұрын бұл мерзім үш аймен шектелетін).

Осылайша, қабылданған жаңа ережелер МӘМС жүйесінің қамту аясын 89 пайызға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұл – әлеуметтік әділеттілікке қарай жасалған нақты әрі пәрменді қадам.

С МАНАН КЕҢЕСІ

САПАЛЫ АС ӨНІМІН ҚАЛАЙ ТАҢДАЙМЫЗ?



Барлығымыз күнделікті тамақ өнімдерін сатып аламыз. Біздің мақалада біз сапалы азық-түлік өнімдерін қалай таңдау керектігін айтамыз.

Ақпарат техникалық регламенттерге сәйкес тамақ өнімінің қаптамасында, заттаңбасында, этикеткасында және кірістіру парағында қазақ және орыс тілдерінде беріледі және келесі ақпаратты қамтиды:

- тамақ өнімінің атауы;
- өнімінің сипаттамалары және арнайы өңдеуі туралы мәліметтер: «концентрленген», «қалпына келтірілген», «құрғақ», «ұнтақталған», «ыстылған» және т.б.;
- «Экологиялық таза» деген жазуға жол берілмейді;
- өндірілуінің атауы мен орналасқан жері;
- тауар белгісі (бар болса).

Егер өнімді қауіпсіз пайдалану, сақтау, тасымалдау және көдеге жарату үшін арнайы ережелер талап етілсе, өндірілуі оларды ілеспе құжаттамада, заттаңбада, таңбалау арқылы немесе басқа жолмен көрсетуге міндетті, ал сатушы оларды сіздің назарыңызға жеткізуге міндетті. Тұтынушының өмірі мен денсаулығы, қоршаған орта үшін тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ тұтынушының мүлкінің

бүлуіне жол бермеуге тиіс талаптарға сәйкестігін растайтын мәліметтерсіз тауарларды, оның ішінде импортталатындарды өткізуге тыйым салынады.

Сатушы сауда аймағындағы тауарды сақтау шарттарын, температуралық режимді және тауардың жақын орналасуын сақтауы керек. Ол үшін дүкендер тоңазытқыш құрылғылармен, термометрлермен, гигрометрлермен және т.б. жабдықталуы керек. Сондай-ақ сатылатын азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін растайтын ілеспе құжаттары болуы керек.

Сатушы тауардың сапасын (сыртқы белгілері бойынша), құжаттаманың бар-жоғын тексеруге, оларды қабылдамауға және сұрыптауға міндетті.

Сауда ұйымдарында тамақ өнімдерін сату:

- органолептикалық қасиеттері бойынша қауіпті және/немесе сапасыз;
- берілген ақпаратқа сәйкес келмесе;
- бұрмалау фактісі анықталған;
- олардың қадағалануын растау мүмкін емес;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тамақ өнімдері туралы ақпаратты қамтитын немесе мұндай ақпарат жоқ таңбалаудың болмауы;
- ілеспе құжаттары жоқ.

Мұндай азық-түлік өнімдері сапасыз болып саналады және жойылады. Салауатты тағамдарды таңдау – салауатты өмір салтының маңызды сәттерінің бірі. Қарапайым таңдау критерийлері мен кеңестеріне сүйене отырып, сіз ауырыстан дауа жасай аласыз және дененіңізді пайдалы заттармен қамтамасыз ете аласыз. Өнімдердің дұрыс үлесімі және жалпы тамақтану балансы туралы ұмытпаңыз.

Сіздерге тек сапалы өнім сатып алуды тілейміз!

ЖҰҚПАЛЫ ЕМЕС АУРУЛАРДЫҢ ДАМУЫН ҚАЛАЙ БОЛДЫРМАУҒА БОЛАДЫ: НЕГІЗГІ ҰСЫНЫСТАР



Жұқпалы емес аурулар адамзаттың денсаулығы мен әл-ауқатына үлкен қауіп төндірді. Олар біздің өміріміздің барлық аспектілеріне әсер етеді және адамның физикалық және психикалық денсаулығына теріс әсер етуі мүмкін. Бұл мақалада жұқпалы емес аурулардың қоғамға төндіретін қауіптілігін қарастырамыз.

Жұқпалы емес аурулармен байланысты негізгі проблемалардың бірі олардың кең таралуы болып табылады. Жыл сайын жүрек-қан тамырлары аурулары, қант диабеті, қатерлі ісік және семіздік сияқты дерттерге шалдыққандар саны артып келеді. Жұқпалы емес аурулар негізінен өмір салтына байланысты болса да, олар өлі де генетикалық факторлардың әсерінен болуы мүмкін. Бұл дегеніміз, біз өз денсаулығымызға қамқорлық жасап, салауатты өмір салтын ұстансақ та, біз өрқашан осы аурулардың дамуын толықтай қорғай алмаймыз. Дегенмен, қауіп факторларын білу және алдын алу шараларын қолдану арқылы біз мұндай ауруларға бейімділімізді азайта аламыз. Жұқпалы емес аурулар ауыр асқынуларға және өлімге әкелуі мүмкін екенін түсіну маңызды.

Инфаркт, инсульт, қант диабеті және онкологиялық аурулардың асқынуы – жұқпалы емес аурулардың ұзақ және үздіксіз әсерінен

болатын жағдайлар.

Мұндай аурулардың алдын алудың маңызды аспектілеріне дұрыс тамақтану, физикалық белсенділік, темекі шекпеу және алкогольді тұтынуды шектеу жатады. Жұқпалы емес аурулардың алдын алу және онымен күресудің тиімді шаралары қатарында ауруларды ерте анықтау мақсатында жүйелі медициналық тексерулер мен скринингтік тексерулер де бар.

Медициналық тексеру – бұл ЖҚА профилактикасының бір түрі, өйткені оның негізгі міндеті аурулардың ерте кезеңдерінде алдын алу және оларды тиімді емдеу болып табылады. Жүйелі тексерулердің, медициналық тексерулердің және диагностикалық арқасында ағзаның жұмысындағы өртүрлі өзгерістер мен ауытқуларды анықтауға болады, олар жұқпалы емес аурулардың хабаршысы бола алады. Осылайша, медициналық тексеру мен жұқпалы емес аурулардың алдын алу бір-бірімен тығыз байланысты және бірін-бірі толықтырады. Біреуі екіншісінің болуы мүмкін емес, өйткені жүйелі тексерулер мен профилактикалық шаралар өртүрлі жұқпалы емес ауруларды ерте кезеңде анықтауға және алдын алуға мүмкіндік береді, бұл сәтті емдеу мүмкіндігін айтарлықтай арттырады және көптеген адамдардың өмірін сақтайды.

Нервтенбеуге тырысыңыз, стресстік жағдайларға дұрыс әрекет етуді үйреніңіз. Қан қысымы, тамыр соғу жиілігі, қандағы қант пен холестерин деңгейі сияқты денсаулыққа маңызды көрсеткіштерін үнемі бақылап отыруды және дене салмағының индексын білуді ережеге айналдыру керек. Тұрақты түрде профилактикалық медициналық тексеруден өту. Шағымдар туындаса, жергілікті дәрігерге хабарласыңыз.

Сонда сіз және сіздің балаларыңыз ұзақ, сау, белсенді өмір сүресіздер.

Құлсара ӘЛЖАҢОВА,
Мағжан Жұмабаев ауданы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

10 ТАМЫЗ - ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР КҮНІ

СУРАНЫСҚА НЕ ҚОҒАМҒА ҚАЖЕТ МАМАНДЫҚ

Бүгінгі таңда құрылысшы - құрметті де мәртебелі мамандық. Құрылысшылар еңбегі - ғасырлар бойы сақталатын мұра. Сондықтан қашан да құрметке лайық. Құрылыс саласы - ел экономикасының көрсеткіші, өрісі негізгі іргетасы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде құрылыс саласын дамытуға, құрылысшылардың қарқынды еңбегін қамтамасыз етуге тұрақты назар аударып келеді.

Ұлттың денсаулығы - мемлекеттің басты байлығы. Бәлкім, қазір ең маңыздыларының бірі - ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту бағдарламасы. Осы бағдарламаға сәйкес, бүгінгі күні ауданда Возышенка және Қарақоға ауылдарында дөрігерлік амбулаториялардың құрылыстары аяқталды. 2024 жылы ауданда «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» бағдарламасы аясында аудан ауылдарында екі фельдшерлік-акушерлік және үш медициналық пункт салынды, осы жобалар бойынша Тапсырыс беруші «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» болды. 2025 жылы Советское, Чистовское елді мекендерінде фельдшерлік-акушерлік пункттер, ал Надежжа, Бөйтерек, Таманское ауылдарында медициналық пункттер салынды.

Тұрғын үй құрылысы да осы жұмыс бағытындағы маңызды тармақ болып табылады. Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласында 2022 жылдың мамыр айында басталған Луговая көшесі бойында 3 қабатты 45 пәтерлі тұрғын үй құрылысының аяқталуы қалалықтар өміріндегі маңызды оқиға болып табылады. Жобаның жалпы сомасы - 660 816 577.54 теңге. Облыстық бюджеттен жобаны іске асыруға 220 225,6 мың теңге бөлінді. 2024 жылы «Отбасы банк» АҚ ипотекалық несиелену бағдарламасы аясында 45 пәтерлі тұрғын үй пайдалануға берілді.

«Булаев орман шаруашылығы» КММ - облыстың ең ірі орман шаруашылығы саналады. Бұл мекеменің маңыздылығы

Тамыздың екінші жексенбісінде Қазақстанда құрылысшылардың кәсіби мерекесі аталып өтеді. Ағымдағы жылы Құрылысшы күні мерекесі - тамыз айының 10-ші жұлдызына түсіп тұр. Аудан аумағындағы құрылыстарға тоқталар болсақ, аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі әлеуметтік нысандарды салуға жауапты мекеме болып табылады. Олар әлеуметтік маңызды ғана емес, сонымен қатар ауданның дамуы үшін стратегиялық маңызды объектілердің құрылыстарын бақылауда ұстайды.



ҚҰРЫЛЫСШЫ КҮНІ
ҚИТТЫ БОЛСЫН!

- аса зор. Сондықтан аудан орталығында Булаев орман шаруашылығына арналған орман өрт сөндіру станциясының құрылысы жүріп жатыр, өрт сөндіру бөлімі өкімшілік тұрмыстық корпуспен жарақталған арнайы өрт сөндіру техникасымен жабдықталатын болады. Сондай-ақ, станция аумағында биіктігі 25 метр, 360 градусқа қарайтын антеннадің құрылымы орнатылады. «Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту. Облыстық бюджеттен берілетін трансфертер есебінен. Жаңа объектілер салу және қолда бар объектілерді реконструкциялау» бюджеттік бағдарламасы бойынша іске асуда. Жобаны іске асыруға

облыстық бюджеттен 220 225,6 мың теңге көлемінде қаражат бөлінген.

Жоғарыда айтылғандай, ұлт денсаулығы мемлекет үшін қашанда маңызды. Спорт нысандарын салу - басты басымдықтардың бірі. Ауданда осы бағытта нақты қадамдар жасалуда. Мәселен, жергілікті атқарушы органдар Қарақоға, Ноғайбай ауылдарында дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін, сондай-ақ кәсіптік даярлық және қызмет көрсету колледжіне іргелес спорт кешенін салуға жобалық-сметалық құжаттар дайындады. Булаев қаласында бассейні бар спорт-жаттығу залының жобасын әзірлеу жұмыстары жүргізілуде. Сондай-

ақ Булаев қаласында балабақша салу жобасы әзірленуде.

Сонымен қатар, аудан аумағында ауданның ауыл шаруашылық тауар өндірушілері де құрылыс жұмыстарын жүргізуде. Мәселен, Советское ауылында сүт-тауар фермасының құрылысы жүргізілуде. Жастар ауылында 2025 жылы жаңа бұзау корпусы салынып, пайдалануға берілді. Возышенка ауылында құс фермасының құрылысы басталды.

Иә, соңғы жылдары ауданда құрылыс жұмыстары қарыштап дамып келеді. Әдемі құрылыс өңірдің де ажарын ашады. Билді да қарап отырғанымыздай бірқатар құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Атап өтерлігі, тәуелсіздік жылдары елді мекендерге су тарту, ауыз су құбырларын жөндеу, әлеуметтік нысандар салу, оларды жөндеу, тұрғын үйлерді мен спорт нысандарын салу, мәдениет объектілерін жаңғырту, сондай-ақ елді мекендерді а-баттандыру жұмыстары тағы бар.

Сонымен қатар, жекелеген тұрғындар да жер учаскелерін алып, жаңадан тұрғын үйлер тұрғызуға күш салуда.

Мұның бәрі ауданда құрылыстың қарқынды жүргізіліп жатқандығын, құрылысшылардың аянбай еңбек ете білетіндігін көрсетеді.

Осынау мерейлі мереке қарсаңында ауданымыздың өсіп-өркендеуіне ерекше үлес қосқан және қосып келе жатқан құрыс қолды құрылысшыларға ризашылығымызды білдіреміз.

Құрылысшы мамандығы - біздің еліміздің ең танымал және құрметті мамандықтарының бірі! Сіздердің армандарыңызда ел игіліне бағытталған әлеуметтік маңызды және ең батыл ірі жобалар жүзеге асырылуда! Сіздерге зор денсаулық, бірлік пен ынтымақ, отбасыларыңызға амандық және атқарып жатқан жұмыстарыңыздың жемісті болуын тілейміз!

Руслан СӘДУАҚАСОВ,
Мағжан Жұмабаев ауданы құрылыс,
сәулет және қала құрылысы бөлімінің
басшысы.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ЕСКЕРТЕДІ

ЕГІН ЖИНАУ КЕЗІНДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ



Қазақстан аумағында жыл сайын астық алқаптарында, астық қоймаларында, жем-шөп қоймаларында көптеген өрт болады, жүздеген гектар ауыл шаруашылығы дақылдары, жүздеген тонна жем-шөп пен астық, ондаған бірлік астық жинау техникасы жойылады. Көп жағдайда өрттердің себебі астық жинау және ірі жем-шөп дайындау кезінде өрт қауіпсіздігі нормалары мен ережелерінің

талаптарын сақтамау болып табылады. Біздің алтын өрістерді сақтау үшін, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының басшылары мен азаматтар Қазақстан Республикасында өрт қауіпсіздігі ережелерінің талаптарын сақтауы және орындауы қажет.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімін жинау басталысымен өрт шығу қаупі артады! Өртке жол бермеу үшін қарапайым өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаңыздар:

- масақты дақылдар пісер алдында орман алқаптарына, дала жолақтары мен автомобиль және теміржол жолдарына іргелес жерлерге 4 метрден кем емес жолақ жыртылуы тиіс;
- жинау агрегаттары мен автомобильдері жарамды ұшқын өшіргіштермен жабдықталуы және қоректендірудің, от алдырудың және майлаудың реттелген жүйесімен жабдықталған болуы тиіс;
- астық ағындарын ғимараттар, има-

раттармен құрылыстардан 50 метрден, ал астық алқаптарынан - 100 метрден қашыра бермеу қажет; жинау жеріне жол орналастыру керек;
- дала орнақтары мен астық тоғандарының алаңдары ені 4 метрден кем емес жолақпен жыртылуы тиіс;
- ауданы 25 гектардан асатын астық алқаптарын жинау кезінде өрт туындаған жағдайда жану учаскесін жыртыу үшін соқпашы бар трактор үнемі дайын болуы тиіс;

- балалардың отпен ойнауы мен тентектігіне жол бермеңіздер.

ҚҰРМЕТТІ ДИКАНШЫЛАР!

Есіңізде болсын, өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтау өсірілген өнімді өрттен сақтауға мүмкіндік береді!

Өрт ошағы анықталған жағдайда жедел түрде «101» немесе «112» телефоны бойынша өрт сөндіру бөліміне хабарласыңыздар.

Мағжан Жұмабаев ауданының
төтенше жағдайлар бөлімі.

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫН ҰСТАУ ЖӘНЕ СЕРУЕНДЕТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Үй жануарлары - біздің қуанышымыз, жұбанышымыз және адал достарымыз. Біз олар үшін тек қожайындар ғана емес, біз олардың бүкіл өміріміз.

Көбісі жануарларды алады, бірақ дұрыс қарамайды. Егер сіз ит пен/немесе мысықты асырауды шешсеңіз немесе сізде бар болса, онда сіз күтім мен серуендеу ережелерін біліп, есте сақтауыңыз керек.

Үй жануарларын ұстау талаптарына мыналар жатады:

1) үй жануарларын ұстау шарттары олардың биологиялық, түрлік және жеке ерекшеліктеріне сәйкес келеді, олардың табиғи қажеттіліктерін қанағаттандырады;

2) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес үй жануарлары ауруларының профилактикасын, олардың диагностикасын, емделуін және жоюын қамтамасыз ету.

Иелері немесе жауапты адамдар

үй жануарларына алаңдаушылық туғызбайтын, адамдар мен жануарлардың денсаулығына қауіп төндіретін немесе айналасындағыларға өзге де зиян келтірмейтін жағдайларды қамтамасыз етуі тиіс.

Үй жануарларының иелерінен үй жануарларына ұқыпты қарау ғана емес, сонымен қатар оларды серуендеудің белгілі бір ережелерін сақтау қажет.

Серуендеу кезінде үй жануарларына қажет болған жағдайда қысқа қарғы бауда ұстауға, тұмылдырық киізу керек. Иттерді толық серуендеу тек осы мақсатқа арналған аумақта болуы керек. Иесі иттің тұмылдырықты үнемі киіп жүрмеуі мүмкін, бірақ қажет болған жағдайда, кию үшін оны өзімен бірге алып жүруі керек. Серуендеу кезінде ауаландары, кіреберістерді, баспалдақ алаңдарын, лифтілерді, ойын алаңдарын, жолдарды, тротуарларды, скверлерді, саябақтарды, демалыс аймақтарын ластануға болмайды. Мас күйінде жүрген адамдарға иттерді серуендетуге және



олармен қоғамдық орындарда және көлікте болуға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**.

Үй жануарларын ұстау және серуендету қағидаларын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген және полиция органдары (учаскелік инспектор) «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 407-2 бабы бойынша жануардың иесіне айыппұл салуға құқылы.

Елена БУНКОВСКАЯ,
мал дәрігері.

ҚАЗАҚСТАНДА ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРДІ



Қазақстанда әскерге шақыру тәртібі қайта өзгерді. Тиісті түзетулер Үкіметтің қаулысымен енгізілді. Құжатқа сәйкес, мерзімді әскери қызметке шақырудың нақты мерзімдері белгіленді.

Енді жастар шақырту қағазын қай кезде келетінін, ал әскери бөлімдер қай уақытта жұмысын бастайтынын алдын ала біле алады. Мерзімді әскери қызметке шақыру жылына екі рет нақты белгіленген уақытта өтеді: 1 наурыздан 30 маусым және 1 қыркүйектен 31 желтоқсанға дейін.

Бұған дейін жас сарбаздарды жөнелту уақытына байланысты түсініспеушілік туындайтын. Енді бұл мәселе шешім тапты. Айта кетейік, бозбалаларға әскер қатарына шақыру тек қағаз түрінде ғана емес, электронды форматта да жолданады.

Жаңа заң жобасы көшеден немесе басқа қоғамдық орындардан азаматтарды мәжбүрлеп алып кетуге тыйым салады. Алайда шақырту алған азамат келмесе, жауапкершілік қарастырылған. Борышын өтеуден жалтарғандар төрт млн айыппұл төлеп, бір жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Мерзімді әскери қызметке тек денсаулығы мықты, психологиялық және моральдық тұрғыдан жарамды, сотталмаған азаматтар алынады.

Жауапты департаменттер бұл мәліметтерді денсаулық сақтау және құқық қорғау органдарымен бірлесіп жинайды.

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА - 180 ЖЫЛ

Ғылыми ермида қазақтан шыққан ұлы сыйластың туған күні туралы екі түрлі нұсқа тараса да, жылдар бойы 10 тамыз ресми түрде Абай Құнанбайұлының туған күні ретінде таңбаланып келеді. Абайдың 175 жылдық мерейіне қарсаңында бүгінгі айтұлы күн күнтізбеге Абай күні ретінде ресми белгіленген. Биыл Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толып отыр.



Ұлы ақын, ағартушы, қазақтың жазба әдебиетінің және өлең тілінің негізін салушы – Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы Өскеңбайұлы Шығыс Қазақстан облысы (бұрынғы Семей уезі) Абай ауданында (бұрынғы Шығыстау облысы) Шыңғыс тауының бауырында дүниеге келді. Абай атақты Тобықты руының Ырғызбай деген тобынан тарайды. Ол ауыл молдасынан оқып жүрген кішкентай кезінен-ақ зеректігімен көзге түседі. Кейін ол Семей қаласында 3 жылдық медресе тәрбиесін алады.

Абай көпті көрген әжесі Зеренің тәрбие-сінде болды. Шешесі Ұлжан да ақылды ананың бірі болған. Әкесі Құнанбай Өскеңбайұлы орта жасқа келгенде атқа мініп, ел билеу жұмысына араласқан заманы, Ресей патшалығының Қазақстанның батысы мен орталық аймағын отарлап, ел билеу жүйесін ескі тәртібіне көндіре бастаған кез.

Құнанбай өз заманында ел басқарған адам болды. Ол ел билеуісінен балаларының ішінде Абайды баулып, араластырды.

Абайды оқудан ерте тартып, оқудан шығарып алуы да сол билікке ұлын қалдыру мақсатында еді. Әке еркімен ел ісіне жастай араласқан Абай тез есейіп, балалықтан да ерте айырылып, жастайынан ел ішіндегі өңгіме, сөз өнерін, билердің шешендік өнеріне құлақ салып, өзінің ерекше талантымен бойына сіңіре білді.

Елі үшін әділет жолын ұстанған Абайдың үстінен арыз да жазылып, үш-төрт ай төреліп, ақталып шықты.

Әке-шешесінің қасында жүрсе де жас Абай оқудан қол үзбейді, бос уақытында қазақтың мәдениетін, араб, парсы, шағатай тілдерін үйренеді. Шығыс әдебиетінің алыптары Низами, Хожа Хафиз, Науаи, Физули т.б. ақындарының өлеңін жаттап өседі. Кейін ол орыс әдебиеті мен тілін өздігінен үйреніп, орыстың ұлы ойшылдары Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Щедрин, Некрасов т. б. шығармаларымен танысады. Сонымен бірге ағылшын ғалымы Дарвиннің, Шекспирдің шығармаларын да оқиды. Соның арқасында дүниетанымын кеңітіп, білімін шыңдай береді.

Абай ауқатты отбасынан шықса да халқына үнемі жақын болды, олардың дауын даулап, мұнын жоқтады. Мұны оның мына өлеңінен көруге болады:

...Көдейдің өзі жүрер малды бағып,
Отыруға отын жоқ үзбей жағып.

Тоңған иін жылытып, тонын илеп,
Шекпен тігер қаңғып бұрсаң қағып.

Қар жауса да қатбайды бай баласы,
Ұй жылы, киіз тұтқан айналасы.

Бай ұлына жалтыр ұлы жалыншыты,
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы.

Жасы отыздан асқан Абай орыс тіліндегі кітаптарды мықтап оқуға бұрылады. Сол кезде Семейге айдалып келген орыс демократтарымен танысады. Соның ішінде өзінің ерекше танысып, араласқаны Михаил болды. 1880 жылдары айдалып келген Долгополов, Леонтьевтермен де танысып, өз олардан үйрене жүріп, өзі де оларды халқының салт-дәстүрімен таныстырып, қол ұшын берді.

Ақынның шығармашылықпен еркін араласуы 1860 жылдар болды. Ол кезде Абай өлеңдерін басқа аттармен жариялаған, тек 1886 жылы «Жаз» деген өлеңінен бастап өз атын қол бастайды. Ақынның «Жаз», «Күз», «Қыс», «Жазғұтыр», сонымен қатар «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр», «Сегіз аяқ» өлеңдерінің сол кездегі әлеуметтік жағдайларды түсіну үшін маңызы зор.

Абайтандың білгірі Мұхтар Әуезовтің атап көрсеткендей, Абай мұрасының нәр алған рухани үш арнасы: өз халқының мәдени мұрасы мен Шығыс, Батыс өлдерінің рухани қазынасы болды.

Оқи жүріп, білімін толықтыра жүріп қырықтан асқан шағында біржола ақындыққа берілді.

Туған халқын сүйіп, оны қасіреттен құтқаруды, бодандыққа қарсы Абай халқын оятып, береке-бірлікке шақырды. Туған халқы да Абайын сүйіп, қатты құрметтеді. Өмірлік мағынасы зор өлеңдерін жатқа айтып, тұмардай сақтады. Шынында ер сөзі теңіздің тереңіне тарқатқанды мың батпан ойдан туған, кісіге бөер шабыты мен шапағаты мол Абай ер қазақтың бағдаршамы іспетті.

Абай өлеңдері бай философиялық, күрескерлік қасиетке ие. Ол ең алдымен қазақтың төлегей – теңіз ауыз әдебиетінен сусындап, батырлар жыры мен ғалықтық жырларының үрдісіне мұрагерлік етті. «Ескендір», «Масғұт», «Әзім өңгімесі» – Абайдың шығармашылық мұрасындағы поэмалары да зерттеушілердің назарын да.

Абай қазақ өлең үлгісін жаңаша тұрғыдан байыта түсті. Сондықтан да Абай қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы деуге болады.

Абайдың ақындық дәстүрін ақынның көзі тірісінде тікелей дамытып, жалғастырған ақын шәкірттері болған. Солардың ішінде ерекше орын алатыны Абайдың өз балалары.

Абай тек қана ақын емес, сонымен бірге сазгер. Халық арасынан шыққан таланттарды танып, олардың еңбегін таратушы болды.

Абайдың өн шығармашылығы қазақтың халық музыкасында ерекше орын алады. «Сегіз аяқ», «Айттым сөлем, Қаламқас», «Желсіз түнде жарық ай» т.б. өндері елі күнге халық жүрегінен жылы орын алған.

Абай өзінің шығармашылығында қара сөзге ерекше мән берген.

Абай поэзиясының арқауы ғылым, білім, еңбек – осы қара сөздерде жалғасып дамыды.

Қара сөздерден адамның көңіл-күйінің жарығы мен қараңғысының айнасы болған – күлкі мен қайғы туралы педагогтар арасында осы күнге дейін айтылмаған тың ой табамыз. Өйткені күлкі мен қайғы туралы ешкім Абайдай тал басып айта алмаған. Абай «күлме» демейді, тек «орынсыз күлкіден сақ бол» дейді. Абай өз шығармалары арқылы рухани бірлікке шақырады.

Қорыта айтқанда, Абай қазақтың демократ ақыны, ұлы ойшыл, философы. Ол қазақ тілінің мәйегінен көптеген өлеңдер мен дастандар, сондай-ақ басқа да философиялық шығармалар жазды.

Абайды Абай еткен, асыл сөзімен өлең етіп ұйытып, жүрегіне жыр болып байланған қасиеті – өмірден әділет, мейірім, сенім, адалдық іздеу барысында тапқан танымдық олжалары, санасым сарғайтып барып көзін ашқан тұжырым тоғыстары өлең арқылы өріліп жатыр.

Абай өлеңдерінің тақырыбы жан-жақты, әлеуметтік аясы кең. Өлеңдері халықтың өнерге, білімге, ғылымға шақырады, ері жаңға жайлы, жүрекке жылы тиетін махаббат өлеңдері болып келеді. Сондықтан Абай өлеңдері XIX ғасырдағы «қазақ қоғамының айнасы» деп те аталады.

Ақын 1904 жылы туған жерінде қайтыс болды. Сүйегі Жидебай деген жерге қойылды. Қазір сол Жидебайда ақынның өзі тұрған үйде әдеби-мемориалдық мұражай бар. Жер бетіндегі күллі қазақ қауымы өздерінің ұлы Абайымен мақтанды. Олар күн өткен сайын Абайды жаңа қырынан танауда. Өйткені Абай мұралары бүгін де, болашақта да өзінің өміршендігімен мәңгі жасайтын ғажай туындылар.

Абай шығармалары қазірдің өзінде көптеген тілдерге аударылып, әлем халықтарының жақсы бағасын алуда. Соның бір дәлелі, Қытай Халық Республикасында Абай шығармаларының қазақша нұсқаларынан сырт оның үш бірдей дастаны және өлеңдері мен қара сөздері қытай тілінде жарық көрді.

Ақынның өз кіндігінен он бала тарайды. Бейбітшісі Ділдеден: Ақылбай, Әкімбай, Әдірхан, Райхан, Құлбадан, кенже баласы Мағауия. Екінші әйелі Әйгерімнен (Шүкімнан) – Тұрағұл, Мекайыл, Ізкәйіл, Кенже. Абайдың үміт күткен талантты балалары: Әдірхан, Мағауия, Тұрағұл, Мекайыл. Әкелерінің өлеңдерін жатқа айтып, халық арасына таратқан, өнші, домбырашы болған.

Абай есімін еске қалдыру мақсатында көптеген шаралар жүзеге асты. Ең алдымен, Жидебайдағы Абай күйтасты қалпына келтіріліп, Ол Семейдегі Абай қорық мұражайының филиалына айналынды. Ақын жерленген зиратқа гранит пен мрамордан құлпытас орнатылды. Семейде және Қарауылда ескерткіш орнатылды.

Ұлы ақын, композитор, философ, саясаткер, ағартушы, қазақтың реалистік жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаушы.

Ақынның арғы тегі Орта жүз Тобықты, Арғын ішіндегі Олжатай батырдан басталады. Олжаидан Айдо, Қайдо, Жігіте есімді 3 ұрпақ тарайды. Бұлардың еркіндігі мен ер-бір рулы ел болып кеткен. Айдостың Айпар деген әйелінен: Ырғызбай, Кетібақ, Толай.

Ана айтқандай, шынында, бұлардың ішінде Ырғызбай ортасынан оза шауып, ел басқарған. Ырғызбайдан Үрке, Мырзатай, Жортар, Өскеңбай тарайды. Өскеңбай шаруаға жайлы, билікке еділ кісі болғандықтан, ісің адал болса Өскеңбайға бар, арам болса Ерғалыға бар» деген мәтел сөз қалған. Өскеңбайдың әйелі Зеренден Құнанбай туады.

Құнанбай 4 әйел алған адам. Оның

бейбітшісі Күнкеден – Құдайберді, інісі Құттымұхамбетке айттырылып, қалыңдық кезінде жесір қалған соң өзі алған екінші әйелі: Ұлжаннан – Төңірберді (Төкежан), Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан, үшінші әйелі Айғыздан – Халиулла, Ысмағұл туады. Қартайған шағында үйленген ең кіші әйелі Нұрғаманнан ұрпақ жоқ. Абайдың «Атадан алтау, анадан төртеу едім» дейтіні осыдан.

Абай бала кезінде ширақ, пысық болмағанымен, елдегі шешен, ақын, ертегішілер өңгімесін тез ұғып алатын зеректігімен, ынталылығымен ерекшеленген. Шортанбай, Дулат, Бұқар жырау, Марабай, Шөжелерді тындап өскен. Анасы Ұлжан да шешен болған, сөз қадірін білетін ортада өскен кісі. Оның ағасы (әкесі Тұрланның інісі) Тонтайдың өлерінде қожа-молдаларға қарап: «Жазыла-жазыла қожа-молдадан да ұят болды, енді өлмесек болмас», – дегені халық аузында мәтел болып кеткен.

Құнанбай қажының да кенінен толғап сөйлер төрендігі, өз тұстарының ғана емес, шетелдік саяхатшылардың да назарына іліккен. Құнанбай қажы «Ескітам» деген қоныстан медресе салдырып, өзінің және туыстарының балаларын оқытқан. Абай сегіз жасында әуелі сол «Ескітам» медресесінде дәріс алып, ауыл молдасы Ғабитханнан оқыған. Әкесі оның зеректігін байқағаннан кейін, 10 жасқа толған соң Семейдегі Ахмет Риза медресесіне береді. Онда 3 жыл оқыған, Медресенің үшінші жылында ол осы қаладағы «Приходская школаға» да қосымша түсіп, онда 3 ай орысша оқыды.

Бұл тұста Мұхтар Әуезовтің «Өзі тұста үлкен-кіші балалардың барлығынан сонауғұрлым зейінді, ұғымтал және ерекше ықыласы болған. Дәрісте арабша кітапты молдасының бір оқып, бір-ақ рет түрікшеге аударып берген сөздерін кітапқа қарамай, жатқа айтып шыға алатындай зерек болады. Сонымен бірге үстінде оқылатын сабақтарды ұғып білу Абайға өзге балалардан анағұрлым оңай тиген. Көп уақытын алмаған. Сондықтан барлық артылған уақытын Абай өз бетімен өзі сүйген кітаптарын оқуға жұмсап, көп ізденуге салынады... Оқуға кірген соң-ақ, тез есейіп, ілім жүйе кісінің қалпына оңай түсіп кеткен. Оқуға кітаптың көбіне сынмен қарай білетін, сезімді оқушы болма бастаған. Өзінің өбден сүйіп, тандап оқыған ірі ақындары болады.

...Сол бала күнінде жаттаған кейбір өлеңдері ұлғайып, көрілікке жеткен уақытына шегін есінен шықпаған, ұмытылмаған» деген тұжырымы болашақ ұлы ақынның қалыптасу кезеңін айғақтайды. Абай бір жағынан шығыс классиктері Низами, Сағди, Қожа Хафиз, Науаи, Физули, Жәми, тағы басқаларды оқыса, екінші жағынан А.С. Пушкин, А.И. Герцен, М.Е. Салтыков-Щедрин, Н.А. Некрасов, М.Ю. Лермонтов, Л.Н. Толстой, И.А. Крылов, Ф.М. Достоевский, И.С. Тургенев, Н.Г. Чернышевский мұраларын оқып, терең таныс болған. Батыс әдебиетінен Гете, Дж. Байрон сияқты ақындарды оқып, түрлі ғылым салалары бойынша зерттеулер жүргізді.

Есейген шағында, осы өзі оқыған философ, ақын, ғалымдармен тең дәрежеде пікір таластырып, олардың ішінен ірі ақындардың өзіне өсері болған кесек туындыларын қазақ тіліне аударған. Аударған өлеңдері көркемдік жағынан негізгі нұсқасымен тең түсіп, кейде асып та жатады. Құнанбай Абайдың өзге балаларынан ерекше зеректігін ерте сезіп, оны ері қарай оқытпай қайтарып алып, ел ісіне араласуға баулиды. Сөйтіп 13 жастағы Абай өке ықпалымен өкімшілік-билік жұмыстарына араласады. Ол өке қасында болған жылдарда қазақ даласындағы әлеуметтік өмір қайшылықтарын жан-жақты тани түседі. Патша үкіметінің отаршылдық саясаты мен паракор орыс өкімдерінің, жергілікті жарамақ болыстар ерекеттерінің халық тағдырына кеселді, зияндылығын айқын түсініп, соған қарсы батыл қимылдар жасаған. Алайда оның тамыры тереңде жатқанын, отарлау жүйесінің бел алып, елдің құрсауда қалғанын сезіп қуылған. Патша үкіметінің отаршылдық саясаты мен оның аярығын түсініп өзара қым-қияш айтыс-тартысқа түскен, танамы тағзы болыстар мен ел билеушілеріне қарсы күресуге бел бұған Абай болыс сайлауына түсіп, жеңіп шығады. 1875-78 жылдары Қоңырекөше еліне болыс болады. Бұл жылдары өз қолындағы билікті пайдаланып, әділдік таразысын тең ұстауға күш салды. Абай кейіннен, 1886 жылы Е.П. Михазистің ұсынысымен, Семей облыстық статистика комитетінің толық мүшесі болып сайланды. Абай 1880 жылы И. Долгополов, А.А. Леон-

тьевпен танысып, олармен тығыз қарым-қатынаста болған. Абай өзі ісіне араласқан жылдарында әділеттілігімен, білімділігімен көрініп, халық арасында беделі өседі.

Абай үш әйел алған. Бейбітшісі Ділдеден-Ақылбай, Әдірханнан, Құлбадан, Әкімбай, Мағауия, Райхан; екінші әйелі Әйгерімнен-Тұрағұл, Мекайыл, Ізкәйіл, Кенже, барлығы 7 ұл, 3 қыз сүйген. Келіндей алған әйелі Еркежаннан – ұрпақ, көрген жоқ.

Абай өлең жазуды 10 жасында («Кім екен деп келіп ем түйе қуған...») бастаған. Одан басқа ертеректе жазылған өлеңдері «Йузу-рушәен», «Екіншісі – «Физули, Шемсі». Өлеңдерін қағаз бетіне 80-жылдардың ортасында түсіре бастайды. «Сап, сап, көңілім», «Шеріпке», «Абыралыға», «Жақсылыққа», «Кең жайлау» өлеңдері 1870 - 80 жылдар аралығында жазылған.

Ақындық қуатын танытқан үлкен шығармасы – «Қансонарда» 1882 жылы жазылған. Бастап-ақ динамикалық суреттерден тұратын бұл өлең қазақ әдебиетінде қалыптасқан дәстүрлі ұғымдардан өзгеше, ішкі ой иірімдері терең. Абай лирикасы жанрлық ерекшеліктері жағынан алғанда көп салалы, көп қырлы болып келеді. Ол қазақ поэзиясында тіп кестесіне, сөз қолдануына да жаңа сипат дарытқан ақын. Абай поэзиясының тілінде адамның жан тебіренісін, көңіл толғанысын, жүрек лүпілін, сезімнің сан құбылып ойнақшуын көрсететін сипаттамалар, эпитет, метафора және басқа да бейнелі сөздердің жаңа, өзі шығарған соны үлгі – өрнектері мол.

«Өлмейтұғын артына сөз қалдырған...» – дейді. «Адам өлмес» дегеннің мағынасы өзі өлсе де, кейінгі сөзі, айтқан ойы қалады деген пікірге саяды. Абай «Өлең сөздің патшасы» өлеңінде «сөзтүзеді, тындаушы сөң де түзеді!» – деп жұртшылықтан ақындық сөзге зор маңыз беріп қаруын, поэзияның жоғары қоғамдық міндетін түсіне білуін талап етті.

Жаңа танымның баурап аларлық күшін, жаңа ақындық сөздің қунын өрбір адамның тани алатынына қазақ өмірінің сол кездегі жағдайында толық сенім арту қиын да еді. Абай оны жақсы түсінді, мұны оның «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген өлеңіндегі мына шумақтар толық дәлелдейді: «...»

Шу дегенде құлағың тосаңсиды.

Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей.

Бұдан біз ақын өлең-жырларындағы жаңа, соны ой-пікірлерді жұртшылықтан қалай қабылдайтынына ерекше мән бергенін айқын аңғарамыз. Өлең-жырға көңіл қоятын адамнан мән-жайын түсініп бағыбына жетуді талап етті. «Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей». Абай ақын халықтың тағдыры мен қасіретін терең түсініп, оның жоғын жоқтаушы болуға тиіс деп санаған.

Абайдың өлеңдерінің ішінде мазмұны жағынан да, көркемдік бітімі жағынан да ерекшеленіп тұрған үздік туындылар мол. «Сегіз аяқ», «Сен мені не етесің», «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Қалып елім, қазағым, қайран жұртым», «Жаз», «Жаздығұн шілде болғанда» «Желсіз түнде жарық ай», «Болыс болдым, мінекі», «Қызырп, сұрланып», «Келдік талай жерге енді», «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?», «Көк түман – алдындағы көлер заман» секілді өлеңдерінің қай-қайсысын алсақ та, мүлде тың дүние, шығармашылық жаңалық.

Бұларға қоса «Ем таба алмай», «Атанаға көз қуаныш», «Сағаттың шықпады өскен ермек», «Нұрлы аспанға тырысып өскенің сен», «Ауру жүрек ақыры соғады жай», «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», аударма өлеңдерден «Жалғыз жалау жал-тылдап», «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз», «Қанжар», «Мен көрдім ұзын қалың құлағаның» сияқты тағы сан алуан шығармаларды атауға болар еді.

САЛАЯҚТАРДАН АБАЙ БОЛЫҢЫЗДАР!

АЛАЯҚТЫҢ АЙЛАСЫНАН САҚТАНУ ЖОЛДАРЫ



Алаяқтар қандай схема қолданады?

ІІМ Киберқылмыстарға қарсы іс-қимыл департаменті басшысының орынбасары Бейбіт Біржановтың айтуынша, интернет алаяқтық жалпы жасалатын қылмыстар санының төрттен бір бөлігіне тең. Бұл ұрлық сананың азайып, алаяқтықтың көбейгенін көрсетеді. Департамент былтырғы қарашадан бастап киберқылмыстармен күрес жұмысын бастады. Бұрын ІІМ-де мұндай бөлімше болмаған. Жарты жылдың ішінде 67 млн-ға жуық ҚР аумағынан тыс қоныраулар бұғатталды. Яғни әрқайсысымызға келетін 100 қонырау бұғатталды.

Тіркелмеген 88 мың SIM-карта төркіленді.

Алаяқтықтың ең көп тараған түрі – құқық қорғау қызметкерлерінің атынан, ҰҚК атынан немесе банктердің қауіпсіздік қызметі атынан қонырау шалу. Бүгінге 3000-нан аса осындай факті тіркелген. Мұндай жағдайда барынша мұқият болу керек. Алаяқтар алдымен хабарласып, полиция қызметкері, ҰҚК, Қаржы мониторингі агенттігі немесе басқа да қызметкер ретінде өзін таныстырады. Олар "Сіздің есепшотыңызда күмен тудыратын операция жүргізілді. Ақшаңызды басқа бір тұлғаға аудару тәуекелі бар немесе сіздің артыңызға несие рәсімделгілі тұр" деп, еңгімені бастайды. Осындай сөзді естігенде, қонырауды бірден өшіре салу керек. Бұл – алаяқтар. Себебі полиция, Қаржы мониторингі, ҰҚК телефон арқылы қаржылық операцияларды жүргізбейді. Егер қажеттілік болса, сіздерді органның мекен-жайына шақырады. Сол жерде

Қаржы алаяқтарының айласы күн сайын күрделеніп келеді. Олар банктер, полиция не тіпті туысыңыздың даусымен хабарласа алады. Сондықтан бұл мақалада еліміздің қауіпсіздік мамандары мен сарапшылары ұсыған кеңестер мен нақты өмірден алынған мысалдар арқылы өз ақшаңызды қалай қорғауға болатынын баяндаймыз.

ақпаратты факт бойынша жеткізеді. Телефон арқылы хабарласқандарға сенбеңіздер. Ондай ақпаратты құқық қорғау органдары сұрамайды, – дейді маман.

Сөзінше, екіншіден, алаяқтар хабарласқанда түрлі құжат көрсетуі мүмкін. Мысалы, Whats'App арқылы қызметтік куәліктерін жібереді. Олар мұндай әрекетті сенімге кіру үшін жасайды.

Сондай-ақ олар құқық қорғау органдары қызметкерлері куәліктерін бейнеқонырау арқылы көрсетуі мүмкін. Бұлар да алаяқтар.

Алаяқтар негізінен Whats'App арқылы қонырау салады. Алаяқтар аты-жөнінің орнына "МВД", "ДВД" деп жазып, логотипін негізгі фотоға қояды. Бұл да сенімге кіру үшін жасалатын әрекет. Мысалы, сіздің құқық қорғау органдарында жұмыс істейтін туыстарыңыз Whats'App-тағы аккаунттарына осылай жаза ма? Жоқ. Көбіне баласының суретін немесе басқа жазба мен сурет тұрады. Сол себепті осындай жағдайға тап болғанда да мұқият болу керек, – деп айтты ол.

Қосымша орнатудан бас тарту қажет

Алаяқтар хабарласқанда телефонға қосымша орнатуды сұрауы мүмкін. Олар "Сіздің телефоныңызға немесе банк қосымшаларыңызға белгілі бір күмен тудыратын операциялар жүргізіліп жатыр. Біз сіздерге антивирус қойып, телефоныңызды тазалап, берін қалпына келтіреміз" дейді. Мұндай жағдайда алаяққа сеніп қалмаңыздар. Себебі телефонға қосымша орнатылғаннан кейін олар сіздің телефоныңызды толықтай басқара алады. Мысалы, Whats'App, басқа әлеуметтік желілерге, суреттеріңізге, банк қосымшаларыңызға толықтай қол жеткізе алады.

Оның сөзінше, тағы бір алаяқтық схеманың көп тараған түрі – маркетплейс қосымшаларының немесе әлеуметтік желілердегі парақшалардың көшірмесі. Алаяқтар қонырау шалмай-ақ, мессенджер арқылы алдай алады. Ол жарнамаға

жалған сілтемелер қойып, адамдарды алдайтынтынын түсіндірді. Полиция интернеттегі кез келген ақпаратқа сыни көзбен қарау керекін айтты.

Сонымен қатар Бейбіт Біржанов әлеуметтік желі не маркетплейстерден тауар сатып аларда, алдын ала ақша аудармауға кеңес берді.

Кейін пен кейс

"Қарызысыз қоғам" жобасының сарапшысы Дулат Мыңбаев бастама аясында шешімін тапқан нақты жағдайларға тоқталды.

Оның айтуынша, бұл жоба көптеген қазақстандыққа шынайы қолдау көрсетіп отыр. Қиын жағдайға душар болған азаматтар тек көмек алып қана қоймай, сонымен қатар қаржылық сауаттылығын арттыру мүмкіндігіне ие болды. Бүгінгі еңгіменің өзегі – қаржы алаяқтығы. Сарапшының сөзінше, қазақстандықтар алаяқтардың құрбанына айналатын жағдайлар аз емес – тек қаржы пирамидалары немесе онлайн алаяқтар ғана емес, кейде өз жақын таныстары да сенімді пайдаланып, қарызға батырып кетіп жатады.

Мысалы, кейбір жағдайларда адамдардың туыстары немесе достары олардың атына бірнеше несие рәсімдеп, кейін ол бәрінекті өтемей кетеді. Ал төлеу міндеті сол адамға жүктеледі, – деді ол.

Сарапшы мұндай әрекеттердің қандай ауыр зардаптарға әкелетінін көрсету үшін нақты өмірден алынған мысал келтірді. Оның айтуынша, жалғызбасты дөрігер жақын танысының өтінішімен өз атына несие рәсімдеп, қиын жағдайға тап болған.

Бұл азамат шағын кәсіп ашап қалған танысына сеніп, 13 миллион теңгеге несие алған. Айлық табысы небары 350 мың теңге болса да, несие төлемі 500 мың теңгеге дейін жеткен. Ал танысы қаражатты алған соң байланысқа шықпай, ізім-қайым жоғалып кеткен. Кейін оның бұрын сотталған алаяқ екені белгілі болды. Соған қарамастан, бәрінекті дөрігердің мойнында қалды, – деді Дулат Мыңбаев.

Жоба аясында заңгерлер оған құқықтық

көмек көрсетіп, ай сайынғы төлем кестесі оның табысына сай қайта құрылды. Сөзінше, жөбіренуші азамат қаржы сауаттылығы курстарынан өтіп, қазір несиесін уақытылы төлеп жүр.

Осындай жайт Қызылорда қаласында да тіркелген. 2018 жылы баласын өмдету үшін несие алған келіншектің себеі, екіншіке қарай, шетінен кеткен. Турақты жұмысы болмағандықтан бәрінекті жаба алмаған. Астанаға көшіп, өртүрлі жұмыстар істеп жүріп "Қарызысыз қоғам" жобасы жайлы естіп, өтініш білдірген. Мамандар оның несие тарихын қалпына келтіріп, банкроттық рәсімін заң аясында реттеп берген. Соның нәтижесінде барлық қарызы заңды түрде жабылған.

Алаяқтардан қалай қорғану керек?

- Банк ешқашан телефон арқылы жеке деректер мен кодтарды сұрамайды.

- Ешкімнің өтініші бойынша бөгде қосымшаларды орнатпаңыз.

- Күменді қонырау кезінде телефонды қойып, ресми нөмір бойынша банкке қайта қонырау шалыңыз.

- Ешқашан телефон арқылы қосымшаларды, өсіресе «қашықтан қол жеткізуге» арналған қосымшаларды орнатпаңыз (Anydesk, TeamViewer және т.б.).

Фишинг:

- Күдікті сілтемелерге өтпеңіз.

- Сайттың мекенжайын мұқият тексеріңіз.

- Екі факторлы аутентификацияны қосыңыз.

Жалған инвестициялар:
- "Кепілдендірілген табысқа сенбеңіз".

- Компания туралы ақпаратты және лицензиясын тексеріңіз.

P2P-алаықтық:

- Төлемрасталмайынша тауар жібермеңіз.

- Эскроу сервистерін пайдаланыңыз.

Криптовалюта алаяқтығы:

- Тексерілмеген жобаларға ақша салмаңыз.

- "Жылдам пайда" мен агрессивті жарнамалардан аулақ болыңыз.

Deepfake және дауыс арқылы алдау:

- Ақша жіберу туралы өтініштерді қайта тексеріңіз.

- Бейнеқонырау арқылы сөйлесіңіз және кодтық сөздер қолданыңыз.

ҚЫРҚҮЙЕКТЕН БАСТАП
БАНК ҚАРТАСЫН ҚОЛДАНУҒА
ҚАТЫСТЫ ТЫЙЫМ ЕНГІЗІЛМЕК

16 қыркүйектен бастап азаматтар банк картасын үшінші тұлғаларға пайдалануға берсе, жауапқа тарылады. Бұл туралы ІІМ Киберқылмыстарға қарсы іс-қимыл департаменті басшысының орынбасары Бейбіт Біржанов айтты.

Шілденің 16-сында Мемлекет басшысы қылмыстық заңнаманы оңтайландыруға қатысты заңға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға қол қойған болатын. Бұл заң 16 қыркүйекте күшіне енеді.

Құжат күшіне енгеннен кейін азамат өзіне тиесілі банк картасын үшінші тұлғаға пайдалануға бере алмайды. Егер картаны берген жағдайда, қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Мысалы, сіз банкомат жанында тұрсыз.

Сізге бейтаныс адам келіп:

Кешіріңіз, менде қолма-қол ақша бар. Маған шотыма аударып беріңізші. Мен сізге 20 мың теңге беремін, сіз оны Kaspi-ге аударып жіберіңізші, – дейді.

Енді осындай әрекеттерге тыйым салынабақ.

Сол 20 мың теңгені қайдан келгенін білесіз бе? Мүмкін, ол – алаяқтық жолмен табылған ақша шығар. Ақшаны кімнің шотына аударып тұрғаныңызды білесіз бе? Жоқ, танымайсыз. Ертең жөбіренуші келсе, ақша аударылған шот міндетті түрде тексеріледі. Сол кезде күдікті кім болады? Біз, яғни сіз, – деді Киберқылмыстарға қарсы іс-қимыл департаменті басшысының орынбасары Бейбіт Біржанов.

Сондықтан мұқият болу қажет. Бұл

тыйым туыстар арасындағы ақша аударымдарына қатысты емес. Мысалы, балаңызға немесе туысыңызға ақша жіберу – қылмысқа жатпайды.

Тек пайда табу мақсатында, яғни үшінші тұлғаның пайдаланысқа ақша аударғанда ғана бұл әрекет қылмыс болып есептеледі.

Оның айтуынша, алаяқтар кейде әдейі шотқа ақша жіберіп, артынша хабарласып:

- Кешіріңіз, қателесіп 20 мың теңге жіберіп қойыппын, 5 мыңның өзіңізге алып, қалған 15 мыңды мына шотқа аударып жіберіңізші, – деп өтінуі мүмкін.

Осындай жағдайда ақшаны бірден қайтаруға болмайды. Егер жіберіп қойсаңыз, сіз алаяқтықтың қоса орындаушысы саналасыз. Себебі сіз ақшаны қайта кімге аударып отырғаныңызды, тіпті кім хабарласқанды да білмейсіз.

Мұндай жағдайда банкке хабарласып, бөгде адам қателесіп ақша аударғанын айтты, сол ақшаны қайтадан бастапқы шотқа кері аударуды сұрау керек, – деп кеңес берді ол.

Бейбіт Біржанов азаматтарды қылмыстық қоса орындаушысы болып кетпеу үшін аса мұқият болуға шақырды.

Москит торы -
ҚОРҒАНЫС ҚҰРАЛЫ ЕМЕС!

Балаларыңызға абай болыңыздар!

Егер үйде бала болса, терезені ашық күйде қалдырмаңыздар!

Пластик терезелер өте оңай ашылады, ал терезеге орнатылған москит торы маса мен шыбын-шіркейден қорғауға арналғандықтан, баланың салмағын көтере алмайды. Оған сүйенген бала тормен бірге сыртқа құлап кетіп, қайғылы оқиға орын алуы мүмкін.

Москит торы - ҚОРҒАНЫС ҚҰРАЛЫ ЕМЕС!

Көптеген ата-аналар балаларына терезенің алдына шығып ойнауға рұқсат береді, олай істеуге болмайды! Себебі бала терезенің алдына шығып ойнауды әдетке айналдырып алады. Сіз әрдайым балаңыздың жанында жүрмін деп ойлауыңыз мүмкін, бірақ бір секундқа назарыңыз басқа жаққа ауған сәтте балаңыз байқаусызда құлап кетіп, орны толмас оқиғаның орын алуына әкеп соғуы мүмкін.

Баланы ешқашан ересектердің қарауынсыз қалдырмаңыздар!

Терезеге арнайы құлып орнатыңыздар, сонда бала өз бетінше терезені аша алмайтын болады.

Құрметті ата-аналар, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127-бабына сәйкес әкімшілік жауаптылық көзделетінін ұмытпаңыздар!

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Азия wood's» ЖШС Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, «Азия wood's» ЖШС жұмыс істеп тұрған объектісі (Ағаш өңдеу алаңы) үшін «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімінің материалдары бойынша қоғамдық талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды және олар «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде 15.08.2025 жылы басталып (ҚОЖТРЖ ҰДБ https://ndbecology.gov.kz/) 5 жұмыс күнге созылады. Сайтта жоба бойынша құжаттамамен танысуға, ұсыныстар немесе ескертулер қалдыруға болады. Талқыланатын жобаға

қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар, сондай-ақ жария талқылау мерзімі өткеннен кейін қабылданбайды.

Бастамашы: «Азия wood's» ЖШС, D-post07@mail.ru, +7775125513.

Әзірлеуші: «АльянсПроект СК» ЖШС, Петропавл қаласы, Амангелды көшесі, 141 үй, проект_sk@list.ru, +7778894 4455.

ЖАО: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ.

Петропавл қаласы, Парковая көшесі, 57В, dpr@sko.gov.kz, 8 (7152) 53-36-37.



Дүйсенбі, 11 тамыз	Сейсенбі, 12 тамыз	Сәрсенбі, 13 тамыз	Бейсенбі, 14 тамыз	Жұма, 15 тамыз	Сенбі, 16 тамыз	Жексенбі, 17 тамыз
QAZAQSTAN 06.00 ӘНУРАН. 06.05 НҰЖУ-МАРЖАН. 06.45 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 07.00 «TANSHOLPAN». 08.00 Т/Х «БІЗБЕН БІРГЕ». 09.30, 05.15 АУЫЛДАСТАР. 10.00, 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 03.55 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50, 03.35 БАУ-БАҚША. 13.15 КӨНІЛ ТӨЛҚЫНЫ. 14.30 Т/Х «ШАБДАЛЫ 18». 15.30 ДАЛА ДӨМІ. 15.45 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 17.00, 17.00, 20.00, 01.15 АҚПАРАТ. 17.20, 02.55 «ТАПҚЫР ОТАБАСЫ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 ЖАЙДАРМАН. 23.10 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 01.50 САНА. 04.35 ЕҢ ДӨМДІ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 17.00, 20.00, 01.15 АҚПАРАТ. 06.35, 13.15 КӨНІЛ ТӨЛҚЫНЫ. 06.50 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 07.00 «TANSHOLPAN». 08.00 Т/Х «БІЗБЕН БІРГЕ». 09.30, 04.55 АУЫЛДАСТАР. 10.00, 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 03.55 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50 АЙДЫНДЫ АЛАКӨЛ. 14.30 Т/Х «ШАБДАЛЫ 18». 15.35 ДАЛА ДӨМІ. 15.50 ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР. 16.30, 03.35 «ТАРИХИ ТҮРКІСТАН». 17.20, 02.55 «ТАПҚЫР ОТАБАСЫ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 «КӨНІЛДІ ТАПҚЫРЛАР АЛАҢЫ». 23.10 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 00.05 ДАРА. 01.50 САНА. 04.35 ЕҢБЕК АДАМЫ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 17.00, 20.00, 01.15 АҚПАРАТ. 06.35, 13.15 КӨНІЛ ТӨЛҚЫНЫ. 07.00 «TANSHOLPAN». 08.00 Т/Х «БІЗБЕН БІРГЕ». 09.30, 05.00 АУЫЛДАСТАР. 10.00, 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 03.55 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50 АЙДЫНДЫ АЛАКӨЛ. 14.30 Т/Х «ШАБДАЛЫ 18». 15.35 ДАЛА ДӨМІ. 15.50 ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР. 16.35 «ӨРТТЕН КЕЙІНГІ ӨМІР». 17.20, 02.55 «ТАПҚЫР ОТАБАСЫ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 19.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 «КӨНІЛДІ ТАПҚЫРЛАР АЛАҢЫ». 23.10 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 00.05 ДАРА. 01.50 САНА. 04.35 ЕҢБЕК АДАМЫ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 17.00, 20.00, 01.15 АҚПАРАТ. 06.35, 13.15 КӨНІЛ ТӨЛҚЫНЫ. 07.00 «TANSHOLPAN». 08.00 Т/Х «БІЗБЕН БІРГЕ». 09.30, 05.05 АУЫЛДАСТАР. 10.00, 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 03.55 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50 АЙДЫНДЫ АЛАКӨЛ. 14.30 Т/Х «ШАБДАЛЫ 18». 15.35 ДАЛА ДӨМІ. 15.50 ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР. 16.35 «ӨРТТЕН КЕЙІНГІ ӨМІР». 17.20, 02.55 «ТАПҚЫР ОТАБАСЫ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 19.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 «КӨНІЛДІ ТАПҚЫРЛАР АЛАҢЫ». 23.10 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 00.05 ДАРА. 01.50 САНА. 04.35 «СУ ДАҒДАРЫСЫ».	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 17.00, 20.00, 00.05 АҚПАРАТ. 06.35, 13.15 КӨНІЛ ТӨЛҚЫНЫ. 07.00 «TANSHOLPAN». 08.00 Т/Х «БІЗБЕН БІРГЕ». 09.30, 04.40 АУЫЛДАСТАР. 10.00, 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 02.50 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50 «МАҢЫСТАУА САХАТ». 13.25 КОНЦЕРТ. 14.30 Т/Х «ШАБДАЛЫ 18». 15.30, 03.30 БІРЕГЕЙ. 16.10, 04.00 ЕГІЗ ЛЕБІЗ. 16.50, 04.30 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 17.20, 01.40 «ТАПҚЫР ОТАБАСЫ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 19.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 «КӨНІЛДІ ТАПҚЫРЛАР АЛАҢЫ». 23.10 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 00.40 САНА. 02.20 ТЕЛЕДӨРІГЕР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 17.00, 01.05 АҚПАРАТ. 06.35, 04.25 АУЫЛДАСТАР. 07.00 «TANSHOLPAN». 08.00 М/Ф «ЭЛВИН МЕН АЛАҚОРЖЫНДАР». 08.35 М/Ф. 09.05 КӨНІЛ ТӨЛҚЫНЫ. 09.35, 01.35 ТАРИХИ ТҮРКІСТАН. 10.00, 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 02.15 «БАУ-БАҚША». 12.30 КОНЦЕРТ. 13.30, 04.00 БАЛАЛАР КАУНПСІЗДІГІ. 14.00 Т/Х «КӨРШІНІЦ ҚЫЗ». 16.00 «ЗАМАН АРТ». 17.00, 01.55 ҰЛЫ АБАЙҒА 180 ЖЫЛ. 17.30 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 19.00 «КЕК ЖОЛЫНДА». 20.00, 02.50 АҚОРДА. 20.20 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 НАРТҮЕКЕЛ. 23.25 Т/Х «ЖАР-ЖАР». 00.35 ЗАМАНДАСТАР. 02.45 Д/Ф. 04.20 КҮМІС КӨМЕЙ. 05.05 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 АҚПАРАТ. 06.25, 08.05 КӨНІЛ ТӨЛҚЫНЫ. 07.05 М/Ф. 07.35 М/Ф «ҮШ МАРҒАУ». 08.45 ҚУТТЫ ҚОҢЫС. 09.20, 03.30 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 10.00, 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 02.15 «БАУ-БАҚША». 12.30 КОНЦЕРТ. 13.30, 04.00 БАЛАЛАР КАУНПСІЗДІГІ. 14.00 Т/Х «КӨРШІНІЦ ҚЫЗ». 16.00 «ЗАМАН АРТ». 17.00, 01.55 ҰЛЫ АБАЙҒА 180 ЖЫЛ. 17.30 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 19.00 «КЕК ЖОЛЫНДА». 20.00, 02.50 АҚОРДА. 20.20 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 НАРТҮЕКЕЛ. 23.25 Т/Х «ЖАР-ЖАР». 00.35 ЗАМАНДАСТАР. 02.45 Д/Ф. 04.20 КҮМІС КӨМЕЙ. 05.05 АУЫЛДАСТАР.

Дүйсенбі, 11 тамыз	Сейсенбі, 12 тамыз	Сәрсенбі, 13 тамыз	Бейсенбі, 14 тамыз	Жұма, 15 тамыз	Сенбі, 16 тамыз	Жексенбі, 17 тамыз
ХАБАР 05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ-2». 07.00 ОЯН. 10.00 М/Ф. 10.30 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 12.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 14.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16.00, 22.00 Т/Х «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ-2». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «АБАЙ ЖОЛЫ». 00.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ-2». 07.00 ОЯН. 10.00 М/Ф. 10.30 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 12.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 14.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16.00, 22.00 Т/Х «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ-2». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «АБАЙ ЖОЛЫ». 00.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ-2». 07.00 ОЯН. 10.00 М/Ф. 10.30 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 12.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 14.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 15.30 ҚОЗКАРАС. 16.00, 22.00 Т/С «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ-2». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «ЖАҢЫРЫЛЫ ҒҰМЫР». 00.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ-2». 07.00 ОЯН. 10.00 М/Ф. 10.30 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 12.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 14.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16.00, 22.00 Т/С «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ-2». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «ЖАҢЫРЫЛЫ ҒҰМЫР». 00.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ-2». 07.00 ОЯН. 10.00 М/Ф. 10.30 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 12.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 14.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16.00, 22.00 Т/С «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ-2». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «ЖАҢЫРЫЛЫ ҒҰМЫР». 00.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ЖЕТІ QAZYNA. 07.00 ТАМАША. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 М/Ф. 11.20 М/Ф «ФИШ И ЧИПС». 12.00 «ДРУГОЙ МИР», Х/Ф. 14.00 АЛҒАШҚЫ. 15.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.15 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 19.00 КОНЦЕРТ. 21.00 «ОЧЕНЬ ОПАСНАЯ ШТУЧКА», Х/Ф. 22.40 «ЖАР-ЖАР», Х/Ф. 00.30 ӨСЕМ ӨНДЕР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ЖЕТІ QAZYNA. 07.00 ТАМАША. 07.30 КОНЦЕРТ. 09.00 М/Ф. 10.20 М/Ф «ПУШИСТЫЙ ШПИОН». 11.40 М/Ф «ФИШ И ЧИПС». 12.00 «ОЧЕНЬ ОПАСНАЯ ШТУЧКА», Х/Ф. 14.00 КОНЦЕРТ. 16.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 19.00 АЛҒАШҚЫ. 20.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 «ДРУГОЙ МИР», Х/Ф. 23.00 «ЕССІЗ ҒАШЫҚ», Х/Ф. 00.30 ӨСЕМ ӨНДЕР. 01.30 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 11 тамыз	Сейсенбі, 12 тамыз	Сәрсенбі, 13 тамыз	Бейсенбі, 14 тамыз	Жұма, 15 тамыз	Сенбі, 16 тамыз	Жексенбі, 17 тамыз
ЕВРАЗИЯ 06.00, 02.25 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 Т/С «Я ВСЕ ПРЕОДОЛЕЮ». 14.10, 02.05 НОВОСТИ. 14.20, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ПЕРЕЕЗД». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.30 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00, 02.25 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ТРИГГЕР-2». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 02.05 НОВОСТИ. 14.20, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ПЕРЕЕЗД». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.30 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00, 02.25 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ТРИГГЕР-2». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 02.05 НОВОСТИ. 14.20, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ИЗМЕНА». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.30 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00, 02.25 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ТРИГГЕР-2». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 02.05 НОВОСТИ. 14.20, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ИЗМЕНА». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.30 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00, 02.40, 03.55 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ТРИГГЕР-2». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 02.10 НОВОСТИ. 14.20, 02.25 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПОЛЕ ЧУДЕС. 21.45 «СИННИЧКА», Х/Ф.	06.00, 03.35 ЕҢ АЛҒАШҚЫ. 07.00 «П@УТИНА». 08.50 «СИННИЧКА», Х/Ф. 13.20 «ДОКТОР ИВАНОВ. РОДНАЯ КРОВЬ», Х/Ф. 17.45 «ПРОСТИ МЕНЯ», Х/Ф. 20.00 «ОСТАНЬТЕСЬ НАВСЕГДА», Х/Ф. 00.35 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.30 ЕҢ АЛҒАШҚЫ. 07.15, 02.40 «П@УТИНА». 08.30 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 08.40 Т/С «ГРАЖДАНКА КАТЕРИНА». 12.55 «ОСТАНЬТЕСЬ НАВСЕГДА», Х/Ф. 17.40 «ВАСИЛЬКИ ДЛЯ ВАСИЛЬКИ», Х/Ф. 20.00 Т/С «ТЕОРИЯ НЕВЕРОЯТНОСТИ». 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

- Кітап — ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына.

Әлішер НАУАИ.

- Жас мұраты, білім, тәлім - талабы...

Өнер, оқу - жастықтың қару жарағы.

Илияс АХАНСҮГІРОВ.

- Артықтан тағылым ал, кемге - үйрет.

Міржақып ДУЛАТҰЛЫ.



ЖЕКЕ ПРАКТИКАМЕН АЙНАЛЫСАТЫН ТҮЛҒАЛАРДЫ ТІРКЕУ EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ

Электрондық үкімет порталы – eGov.kz сайтында «Жеке практикамен айналысатын тұлғаны тіркеу есебі» мемлекеттік қызметі қолжетімді. Бұл қызмет қазақстандықтарға жеке сот орындаушысы, нотариус, адвокат немесе медиация саласында қызмет көрсететін маман ретінде тіркеуге өтінішді онлайн түрде жолдауға мүмкіндік береді.

Жеке практикамен айналысатын тұлғаларды тіркеу салықтық әкімшілендіру мақсатында жүзеге асырылады және лицензия немесе куәлік негізінде кәсіби қызмет атқаратын жеке тұлғаларды қамтиды.

Қызмет шеңберінде тіркеуге қою, тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу, сондай-ақ тіркеуден шығару жүзеге асырылады. Ақпарат www.kgd.gov.kz сайтында жарияланады.

Қызметті пайдалану үшін:

- eGov.kz порталында авторизациядан өтіп, «Бизнесті» – «Бизнесті тіркеу және дамыту» – «Бизнесті тіркеу және жою» бөлімдеріне өту қажет;
- «ТЖК, нотариустарды, адвокаттарды, медиаторларды тіркеу» қызметін тандап, «Онлайн қызметке тапсырыс беру» батырмасын басу қажет;
- өтініш беру себебін және тіркеу түрін көрсету керек;
- адвокаттық, нотариалдық немесе атқарушылық құжаттарды орындау қызметіне берілген лицензияның нөмірі мен берілген күнін көрсету керек;
- жылжымайтын мүлік түрін және қажетті деректерді енгізу қажет;
- қызметті қолжетімді қол қою әдістерінің бірімен растау қажет;
- жеке кабинеттегі «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінен өтініштің өңделуі туралы хабарламамен танысу қажет – хабарлама көрсетілген мерзім ішінде келеді.

Қызмет көрсету мерзімі – eGov.kz



kz порталы арқылы салықтық өтініш берілген сәттен бастап 1 жұмыс күні. Ақпараттағы өзгерістер, соның ішінде мекенжай өзгерісі де, 1 жұмыс күні ішінде өңделеді. Тіркеуден алынған жағдайда ақпарат Мемлекеттік кірістер комитетінің интернет-ресурсында келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей жарияланады.

Қызмет көрсету нәтижесі – тіркеуге қою, тіркеуден шығару немесе дәлелді бас тарту.

Жұырда бұл қызмет салықтық әкімшілендірудің ақпараттық жүйесін кезек-кезеңімен енгізу аясында жаңартылды. Жаңарту жекелеген процестерді автоматтандыруға, электрондық өзара іс-қимыл сапасын арттыруға және әкімшілендіруді жеңілдетуге мүмкіндік берді.

Жаңарту ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік қорғалатын қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Қаржы министрлігінің өзара ынтымақтастығы аясында жүзеге асырылды.

Үйірме, шығармашылық студия немесе спорт секциясын ашқыңыз келе ме? Енді қосымша білім беру саласындағы қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы міндетті хабарламаны бірнеше қадамда жіберуге болады – eLicense.kz порталындағы жаңа қызмет толығымен автоматтандырылған және онлайн түрде қолжетімді.

Мұндай хабарламаны беру – тіл курстарын, балаларға арналған білім беру орталықтарын, үйірмелерді, секцияларды, студияларды және басқа да мектептен тыс мекемелерді ашу немесе жабу кезінде заңнамада көзделген міндетті талап. Балаларға қосымша білім беру қызметін тек осындай хабарламаны алғаннан кейін ғана бастауға болады.

Қосымша білім беру ұғымына балалар мен жасөспірімдердің қабілеттерін дамытуға бағытталған үйірмелер, секциялар, студиялар, шығармашылық орталықтар, музыка, спорт және бейнелеу өнері мектептері, балалар мен жасөспірімдер клубтары және басқа да мектептен тыс мекемелер жатады.

Хабарламаны алу үшін:

- eLicense.kz порталына кіріп, авторизациядан өту қажет;
- «Білім» бөліміне өтіп, «Қосымша білім беру саласындағы қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама» қызметін тандау керек;
- өтінімді толтырып, қажет болған жағдайда құжаттарды жүктеу қажет;
- өтінімді қол қоюдың қолжетімді тәсілдерінің бірімен растау керек.

Қызмет толық автоматтандырылған режимде көрсетіледі – мемлекеттік органдардың қатысуынсыз және өңдеуді күтудің. Өтінім жіберілгеннен кейін



құжат бірден қалыптасып, eLicense.kz порталындағы жеке кабинеттегі «Менің хабарламаларым» бөлімінде көрсетіледі.

Сервис Қазақстанның бүкіл аумағында бизнес өкілдеріне қолжетімді және тегін көрсетіледі.

Қосымша білім беру саласындағы қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаны тек эпидемиологиялық тұрғыдан елеусіз объектіні пайдаланудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаны рәсімдегеннен кейін ғана жолдауға болатынын атап өткен маңызды.

Аталған құжат нысанның санитарлық талаптарға сәйкес келетінін және білім беру мақсатында пайдалануға жарамды екенін растайды. Онсыз қосымша білім беру саласында қызмет туралы хабарлама беру мүмкін емес.

Қызмет ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік қорғалатын қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің бірлескен жұмысы нәтижесінде іске асырылды.

Жайна СЕЙДАХМЕТ,
«Ұлттық ақпараттық технологиялар»
АҚ Корпоративтік коммуникациялар
департаменті.

САЛЫМШЫЛАР НАЗАРЫНА!

ӘЛЕУМЕТТІК ОСАЛ САНАТТАРҒА ЖАТАТЫН САЛЫМШЫЛАРДЫҢ САЛЫҚ САЛЫНАТЫН ТАБЫСЫН ҚАЙТА ЕСЕПТЕП, ЖТС ҚАЙТАРУҒА ҚҰҚЫҒЫ БАР ӨТЕУГЕ ҚҰЖАТ ТАПСЫРУ МЕРЗІМІ 5 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ҰЗАРТЫЛДЫ



Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексі 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Сонымен қатар, қолданыстағы Салық кодексіне әлеуметтік осал санаттарға жататын және тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделу ақысын төлеу үшін біржолғы зейнетақы төлемдерін (БЗТ) пайдаланған БЖЗҚ алушылары мен салымшыларының мүдделерін қорғайтын өзгерістер енгізілді.

Қандай өзгерістер енгізілді?
Әлеуметтік осал топтарға жататын тұлғалар біржолғы зейнетақы төлемдері түрінде салық салынатын табысқа стандартты салық шегерімдерін қолдануға құқылы. Олардың көпшілігі тұрғын үйге және (немесе) емделуге БЗТ алған кезде жеке табыс салығын (ЖТС) бірден төлеген. Сонымен қатар, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап мұндай тұлғалардың БЗТ түріндегі

салық салынатын табысына стандартты салық шегерімдері (882 АЕК шегінде) қолданылады. Бұл осы санатқа жататын алушылар БЗТ алған күннен бастап үш жыл ішінде ЖТС қайта есептеу мен өтеуді қолдану үшін БЖЗҚ-ға тиісті өтінішпен және растайтын құжаттармен жүгіне алатынын білдіреді. Алайда, БЗТ-ны 2021-2022 жылдары алған адамдар өртүрлі себептермен бұл мүмкіндікті пайдалана алмайды. Енді ҚР Салық кодексіне өзгерістер мен толықтырулардың қабылдануына байланысты 2025 жылғы 15 шілдеден бастап жеке тұлғалардың осындай өтініштері үшін белгіленген талап қою мерзімі 3 жылдан 5 жылға дейін ұлғайтылды.

ЖТС қайтару құқығын кім пайдалана алады?

ЖТС қайтаруға құқығы бар жеке тұлғалардың тізбесі қолданыстағы Салық кодексіне айқындалған. Бұл бірінші, екінші немесе үшінші топтағы мүгедектер, мүгедек балалардың ата-аналарының немесе қамқоршыларының бірі, бала асырап алушылардың бірі, жетім балалардың асырап алушы ата-аналары, соғыс ардагерлері және басқа санаттар. Мұндай адамдардың толық тізбесі Салық кодексінің 346-бабында көрсетілген.

Қайда жүгіну керек?
БЗТ бойынша салық салынатын табысты айқындау кезінде стандартты салық

шегерімдері қолданылмаған зейнетақы төлемдерін алушылар, оларды қолдану құқығы болған жағдайда, кірістерді қайта есептеу және ЖТС өтеу үшін стандартты салық шегерімдерін қолдануға өтінішпен және растайтын құжаттармен БЖЗҚ-ның жақын жердегі филиалына шұғыл түрде жүгінуі қажет.

Стандартты салық шегерімі қолданылғаннан кейін, бұған дейін ЖТС ұсталған болса, ол алушының жеке зейнетақы шотына қайтарылады. Егер ЖТС төлеу кейінге қалдырылған болса, онда ай сайынғы зейнетақы төлемдерін алған кезде оны төлеуге қатысты міндеттеме алынып тасталады.

Аталған өзгерістер 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін (қоса алғанда) қолданыста болады, өйткені 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексі күшіне енеді.

Анықтама үшін. Қолданыстағы Салық кодексіне сәйкес БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдерін ҚР Салық кодексіне сәйкес 10% мөлшерлемесі бойынша жеке табыс салығы (ЖТС) салынатын кіріске жатады. ЖТС міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерінің барлық түрлері бойынша жиынтық түрде ұсталады. Осы Ережелер тұрғын үй жағдайларын

жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында БЖЗҚ-дан біржолғы зейнетақы төлемдеріне (БЗТ) де қатысты.

Біржолғы зейнетақы төлемі (БЗТ) – Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне белгіленген тәртіппен тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында салымшы (зейнетақы төлемдерін алушы) БЖЗҚ-дан алатын міндетті зейнетақы жарналары есебінен (ал 01.07.2023ж. дейін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен де) қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының сомасы.

Естеріңізге сала кетейік, ЖТС-ны ұстаудың екі әдісі бар: ЖТС алған кезде бірден және зейнетақы алғанға дейін кейінге қалдырумен. Заңнамаға сәйкес ЖТС есептейтін салық агенті – БЖЗҚ, ол салықты жеке тұлғаның таңдауына қарай екі жолмен ұстай алады:

- БЗТ сомасының 10% төлемді жүзеге асыру кезінде бірден ұсталады.

- барлық пайдаланылатын зейнетақы жинақтарының 10%-ы алушы зейнеткерлікке шыққаннан кейін ұсталады. Бұл ретте салық сомасы тең бөліктерге бөлінді және он алты жылдан аспайтын мерзім ішінде алушының ай сайынғы зейнетақы төлемдерінен шегеріледі.

ЖТС-ты қалай ұстау керектігін уәкілетті операторға өтініш берген кезде БЗТ алушы ғана шешеді.

Директор - бас редактор Нелі ГОНЧАР	Редакцияның мекен жайы: 150800 Қостанай облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев көшесі, Батыр Баян көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Баспадан тысқары 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz	Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады	«Magjan Zhuldiz» газеті редакцияда терісін беттеледі. «Сенсация Қазақстан» баспаханасында басылды. (Петровак 6, Копунок к-сі, 5 үй). Таралымы - 600	Газет аудан әкімдігі, аудандық мәжілісхалық тапсырыс бойынша интернетке және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудің ресми баспасы болып табылады
--	---	---	--	---

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнамалық мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция мәқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан Жұлдызы» газетінің мөніміне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады